«жасыл қоржыны» 1302,7 млн. АҚШ долларын (86,7%) құрайды да, минимумы - 200,5 млн. АҚШ доллары немесе 13,3%. Негізінен «жасыл қоржын» шараларын қолданады – 86,7%, бұл сауданы бұрмалайтын бағдарламаларға мемлекет бөлетін қаражаттан

едәуір асып түседі. «Жасыл қоржынның» негізгі шығындары жалпы қызметтерге – 66,2%, қоршаған ортаны қорғауға – 19,3%, кірістерді сақтандыруға – 10% жұмсалады (кесте 1).

Кесте 1

Австралиядағы «жасыл қоржын» шеңберіндегі мемлекеттік қолдау көлемі

млн АҚШ доллары

| Бағыттар | 2009/2010 | 2010/2011 | 2011/2012 | 2012/2013 | 2013/2014 |
|---|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| Жалпы қызметтер | 1 028,2 | 981,4 | 1 043,3 | 950,7 | 862,8 |
| Кірістерді сақтандыру бағдарламалары | 59,8 | 30,9 | 236,9 | 145,5 | 130,5 |
| Табиғи апаттар салдарынан залалдар үшін өтемақы | 686,4 | 578,2 | 280,3 | 80,5 | 58,0 |
| Қоршаған ортаны қорғау бағдарламалары | 261,9 | 298,0 | 281,7 | 257,7 | 251,4 |
| Басқа шаралар | 18,3 | 24,2 | 20,9 | 2,1 | 0,0 |
| Барлығы | 2 054,6 | 1 912,7 | 1 863,1 | 1 436,5 | 1 302,7 |

Ескертпе: авторлар деректері бойынша жасалған [11].

Австралия негізінен «жасыл қоржын» бағдарламасымен қаржыланады, оның көлемі «сары қоржын» субсидиясынан 6,5 есе көп. Австралиядағы ауыл шаруашылығын қолдаудың бұл құрылымы аграрлық секторды тиімді дамытуға және әлемдегі жетекші аграрлық елдердің бірі болып қалуға мүмкіндік береді.

Бразилия. Бұл ел қант, кофе, апельсин шырыны, темекі өнімдері, ет өнімдері, соя бұршақтары және жүгері экспортының көшбасшысы болып табылады. Егістік алқаптары мен жайылымдары едәуір ұлғайды. ДСҰ шеңберінде Бразилия 4849,4 млн АҚШ доллар көлеміндегі қолдау деңгейінің міндеттемесін алды (кесте 2).

2 кесте

Бразилиядағы 2015 жылдағы субсидияларды үлестіру құрылымы

| Атауы | Субсидиялар көлемі, млн. АҚШ доллары | Жалпы қолдаудағы субсидиялардың үлесі, % |
|---|--------------------------------------|--|
| Ең төменгі | 1 902,5 | 39,2 |
| «Жасыл қоржын» | 1 634,4 | 33,7 |
| Арнайы және дифференциалданған тәртіптеме | 1 312,5 | 27,1 |
| Барлығы | 4 849,4 | 100 |

Ескертпе: авторлар деректері бойынша жасалған [14].

Сонымен бірге, оның ДСҰ-ның Ауыл шаруашылығы туралы келісімінің 6.2-бабына сәйкес көлемін азайту және шектеу бойынша міндеттемелерден алынып тасталған қолдауды пайдалануға құқығы бар [5]. Бразилияда ауылшаруашылық субсидиясына жұмсалатын шығындардың үштен бірінен астамы «сары қоржынға» тиесілі болғанымен, ол минимум

шегінде қалды. «Жасыл қоржын» шеңберінде 2010-2015 жылдары аз қамтылған халыққа азық-түлік көмегіне қаражаттың максималды мөлшері бөлінді (жалпы білім беру мектептердегі балалардың тамақтану бағдарламасы), бұл «жасыл қоржынның» жалпы шығындардың 70% -дан астамын құрайды (кесте 3).

3 кесте

Бразилиядағы «жасыл қоржын» шеңберіндегі қолдау шараларының көлемі

млн. АҚШ доллары

| Шараның атауы | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2015 жылғы «жасыл қоржын» көлеміндегі субсидиялар үлесі, % |
|--|---------|---------|---------|---------|---------|---------|--|
| Ғылыми зерттеулер | 284,7 | 240,4 | 230,3 | 199,2 | 163,6 | 82,2 | 5,0 |
| Кеңес беру қызметтері | 799,8 | 822,3 | 1 612 | 2 682,8 | 906,6 | 57,6 | 3,5 |
| Инфрақұрылымдық қызметтер | 622,1 | 444,1 | 301,8 | 442,3 | 497,4 | 30,4 | 1,9 |
| Институционалды аграрлық реформаларды қолдау | 438,5 | 608,3 | 401,4 | 294,5 | 275,6 | 32,6 | 2,0 |
| Азық-түлік қауіпсіздігі мақсатындағы мемлекеттік қор | 653,1 | 749,1 | 204,6 | 317,2 | 371,7 | 123,6 | 7,6 |
| Ішкі азық-түлік көмек | 1 721,3 | 1 826,7 | 1 595,1 | 1 644,9 | 1 574,3 | 1 165,8 | 71,3 |

Ескертпе: авторлар деректері бойынша жасалған [14].

2013 жылы «сары қоржын» мөлшері минимум шегіне жетіп, кейінгі жылдары одан аса алмады. Бразилияда арнайы өнімдік қолдау шеңберінде дәстүрлі түрде жүгері, бидай және кофе өндірісін қолдау үшін ең көп мөлшерде қаражат бөлінеді. Атап айтқанда, соңғы жылдары жүгері, жүзім, күріш және сисалға бюджеттік шығындар азайды. Сонымен бірге, жаңа өнімдер мемлекеттік қолдауды ала бастады: мақта, какао, апельсин. Бразилиядағы ауылшаруашылық субсидиялары саласындағы іс-шараларға тоқталатын болсақ, Бразилия үкіметі жүзеге асырған ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамытудың 2016/2017 жж. арналған жоспарын ерекше атап өтуге болады. Жоспар бойынша бразилиялық фермерлерге айналым капиталын инвестициялау және маркетинг үшін 54,9 млрд АҚШ доллар көлемінде несиелер бөлу қарастырылды.

Жоспарға сәйкес Ұлттық валюта кеңесі (CMN) бір несиеленушіге бір ауылшаруашылық жылға 890 мың АҚШ доллары көлемінде қаржыландырудың бірыңғай шегін белгіледі. Маркетингке келсек, бір өндірушіге 1,3 млн АҚШ доллары көлеміндегі шек бекітілді. Инвестициялар үшін бір несиеленушіге арналған шек өзгеріссіз қалды, яғни 127,7 мың АҚШ долларын құрайды. Суаруды жаңарту және дақылдарды қорғау бағдарламасы (Moderinfra) өз кезегінде суармалы жерлерде электр энергиясын өндіруге арналған күн батареялары мен қазандықтарды сатып алуға ынталандырады. Жоспарланған қолдау көлемі – 163,4 млн. АҚШ доллары. Жаңа жоспар трактор паркін жаңарту бағдарламасы арқылы кофе кептіру және қайта өңдеу процесін қаржыландыру шегін 11,9 мың АҚШ долларынан 95 мың АҚШ долларына дейін көтерді. Сонымен қатар 2016-2017 жылдарға арналған ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамыту жоспарының мақсаттарының бірі ABC (төмен көміртекті ауыл шаруашылығы) бағдарламасы шеңберінде Амазонка бассейнінде какао отырғызуды ынталандыру болып табылады. ABC бағдарламасын іске асыру үшін шамамен 1 млрд АҚШ доллар жоспарланған. Және де, жоспарға сәйкес ірі өндірушілер операциялық шығындар үшін ауылшаруашылық несиелендірудің белгіленген көлемде қосымша ресурстарға сүйене алады. Бұл ресурстар бір жылға 12,75% мөлшерлемесінде болады да, шамамен 3 млрд. АҚШ долларын құрайды [8].

Жаңа Зеландия ЖІӨ-нің 30%-ын құрайтын экспортқа бағытталған ел болып табылады. Сонымен бірге ауылшаруашылық өнімдері елдің жалпы экспортының үштен екісін алады, және де елде өндірілетін ауылшаруашылық өнімдерінің 90% шетелге шығарылады. Дүниежүзілік сүт нарығының құрылымындағы Жаңа Зеландияның үлесі 33%-ды құрайды, ал өндірілген шикізаттың 95%-ы май, ірімшік және құрғақ өнімдер түрінде әлемнің 140 еліне экспортталады. Жаңа Зеландияда фермерлер үшін жеңілдетілген несиелер алып тасталды, пайыздық мөлшерлемелер нарықтық мөлшерлемелерге сәйкестендірілді, ауыл шаруашылығы үшін мемлекеттік қаржыландыру, тыңайтқыштарды субсидиялау және т.б. тоқтатылды. Әлеуметтік қолдау тетіктері балама бола бастады. Ерекше атап кетсек, Жаңа Зеландия билігі циклдік табыстан айырылған фермерлерге, мысалы, табиғи апаттарға байланысты атаулы көмек көрсету механизмін қолданды. Ауылшаруашылығына көмек көрсетудің тағы бір түрі – бұлшаруа қожалықтарын дамытуға бағытталған зерттеулерге көрсетілетін көмек – инфрақұрылымды жаңарту және жаңа технологияларды енгізу. Бұл механизм, сондай-ақ «ластаушы төлейді» деген мемлекеттің жаңа саясаты Жаңа Зеландия фермерлерін өндірісті жаңартуға және энергия үнемдеуші және «жасыл» технологияларды енгізуге себеп болды. Жаңа Зеландия кірісінің едәуір бөлігі ет өнімдері – қойеті (жас еттің 90% -ы және ауыл шаруашылығы жануарларының 75% -ы экспортталады) мен сиыр еті (өнімнің 81% -ы экспортталады) экспортынан түседі. Сүт өнімдерінің 90-95% сүт, құрғақ сүт, май, ірімшік және т.б. түрінде экспортталады. Мұнда бидай, арпа, сұлы, жүгері, картоп, бұршақ өсіріледі. Экспорт үшін Жаңа Зеландиялықтар киви, алмұрт және алма жеткізеді [12]. Осылайша, Жаңа Зеландиядағы ауыл шаруашылығы еркін экономика қағидаларына сүйене отырып дамуды.

Канада ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің ішіндегі ең дамыған елдердің бірі болып табылады. «Сары қоржын» шеңберіндегі субсидиялар шамамен өзгеріссіз қалуда: шамамен 3 млрд АҚШ доллары, сонымен бірге АМП көлемінің өзгеруі, ең алдымен, белгілі бір жылдарда көрініс тапқан кейбір тауарларға байланысты сауданы бұрмалаған олдау минимум деңгейінен аспаса, кейбір кезеңдерде 5 пайыздық шектен асып отырды (кесте 4).

Кесте 4

Канададағы субсидияларды үлестіру құрылымы

| Қоржынның атауы | Шаралар көлемі, млн. АҚШ доллары | Жалпы көлемдегі қолдау шараларының үлесі, % |
|-----------------|----------------------------------|---|
| АМП | 836,7 | 14,8 |
| Ең төменгі | 2 150,2 | 38,1 |
| «Жасыл қоржын» | 2 654,3 | 47,1 |
| Барлығы | 5 651,2 1 | 100 |

Ескертпе: авторлар деректері бойынша жасалған [10].

Канаданың өнімге тәндік емес қолдау дәстүрлі түрде ең төменгі деңгейде болған. 2004 жылдан бастап 2012 жылға дейінгі аралықта «сары жәшік» шеңберінде екі тенденция байқалады: 2010 жылға дейін өнімге тәндік көлемі мен 46 өнімге тәндік емес қолдаулар шамамен тең деңгейде; 2010 жылдан бастап Канада сиыр еті мен шошқа етіне қолдау көрсетудің екі есе төмендетуіне байланысты және өте маңызды темекі бойынша (43 есеге, 2011 жылы толық тоқтатуға дейін) азық-түлік субсидияларын азайтты да, өнімге тәндік емес қолдау мөлшерін ұлғайтты. Сонымен қатар, өнімге тәндік емес шараларға арналған субсидиялар 1,4 есеге өсірілді: кірістерді тұрақтандыру бағдарламасына (1,7 есе), табиғи апаттардан немесе эпидемиялардан келген залалдың орнын толтыру бағдарламасына (19,4 есе), аграрлық саланың мүмкіндіктерін кеңейту бағдарламасына (1,7 есе), провинциялық бағдарламаларға (38,5%) кететін шығындар. Өнімге тәндік шаралар шеңберінде дәстүрлі түрде сүт өнімдері (май, майсыздандырылған сүт ұнтағы) маңызды көлемді құрады; 2012 жылы сүт өнімдерін өндіруді қаржыландыру барлық өнімге тәндік қолдаудың 63,6% құрады. Шошқа еті өндірісі өнімдік қолдау көлемі бойынша екінші орынды алды – 21,7%. 2012 ж. ең төменгі көрсеткіш деңгейінде жарма, сиыр еті, алма, картоп, бал өндірістеріне қолдау көрсетілді. Бұл ретте қолдаудың ең көп үлесі сиыр етіне тиесілі болды – өндіріс құнының 1,7%. Субсидиялау шаралары ретінде 2004-2012 жж. сары май мен майсыздандырылған құрғақ сүт бағасының нарықтық қолдауы пайдаланылды. Қалған өнімдер үшін негізінен кірістерді сақтандыру бағдарламалары қолданылды.

Канаданың қолдау жүйесіне тән ерекшелік – аграрлық саланы қаржыландырудың екі деңгейлі құрылымының болуы: федералдық және аймақтық деңгейде [3]. «Жасыл қоржын» өлшемдері бойынша 2012 ж. сауданы бұрмаламайтын шаралардың жалпы көлемінің 75,7% федералдық бюджет құрады. Сондай-ақ, сүт өнеркәсібі де федералды деңгейде субсидияланды. Қалған тауарларды қолдау үшін тиісті қаражат провинциалдық бюджеттерден бөлінді. Өнімге тәндік емес шаралар бойынша бағдарламаларды федералдық және провинциалдық биліктер бірлесіп шамамен бірдей үлесте жүзеге асырады. Канаданың ауыл шаруашылығын қолдау жүйесінің негізгі тенденцияларын талдау елдің өзі әрдайым ырықтандыру қағидаттарына берік бола бермейді, керісінше, өзінің аграрлық саясатында нақты мақсаттарды шешіп, қажет болған жағдайда «сары қоржын» шараларының шығындарын көбейтетіндігін көрсетеді.

Еуропалық Одақта ауылшаруашылық саланы қолдауға арналған шығындардың екі негізгі бағыты («Pillar» деп аталады) бөлінеді [4]. Pillar I – нарықты қолдау және өндірушілердің кірістерін тұрақтандыруға арналған БАС шығындарының негізгі баптары болып табылады. Pillar I тиісті шаралар EAGGF кепілдік бөлімінің қаражаты есебінен

қаржыландырылады. Pillar II – ауылдық жерлердің дамуы. Мұнда қоршаған ортаны қорғау, қолайсыз жағдайлары бар аймақтарда орналасқан шаруа қожалықтарына көмек көрсету, сондай-ақ жоғары сапалы өнімге кепілдік беру, сапа стандарттары мен үй жануарларының әл-ауқатына жауап беру шаралары кіреді. Тікелей субсидиялаудың жоғарғы шегі – 300 мың еуро. 2014-2020 жж. арналған Еуропалық Одақтың ауыл шаруашылығын қолдауға арналған бюджеті шамамен 373 млрд еуро көлемінде жоспарланды. Еуропалық комиссияның Ауыл шаруашылығы және ауылдық аймақтарды дамыту департаментінің ақпаратына сәйкес 2016 жылы жалпы қолдау мөлшері 62,8 млрд еуроны құрды (қосымша 93). Снымен бірге атап өтсек, негізгі салмақтық үлесті тікелей субсидиялар алады – 65,3% немесе 40984 млн еуро, бұл фермерлер кірістерін қолдаудың негізі болып табылады. Нарықты қолдау шаралары 3154,3 млн еуроны немесе 5% -ды, ал ауылдық жерлерді дамыту – 18649,6 млн еуро немесе 29,7% құрды. Жеке мүше ел үшін сауданы бұрмалаушы тікелей субсидиялардың көлемі тікелей қолдау деңгейінің 8% -ымен, немесе егер олардың қазіргі деңгейі тікелей қолдау көлемінің 5% -ынан асатын болса, 13% -бен шектеледі.

Жаңа ережелерге сәйкес, ЕО елдері өздерінің қалауы бойынша Еуропалық Одақтан бөлінетін тікелей субсидиялардың 10% -н ауылдық жерлерді дамытуға немесе керісінше қайта үлестіре алады. Егер мүше мемлекеттің тікелей субсидияларының мөлшері ЕО орташа деңгейінің 90% -нан аз болса, онда ол ЕО-ның ауылдық жерлерді дамытуға арналған қаражатын 25% -ға дейін азайту арқылы тікелей субсидия көлемін өзінің ауылдық елді-мекендерін дамыту қорларының 5% -на дейін ұлғайтуға құқылы. Жалпы алғанда, 2020 ж. жоғары қамтылған елдер үшін сәйкесінше көмек көлемінің 7%-ға төмендету есебінен, ең төменгі және орташа әр гекторлық субсидияның көлемдері арасындағы айырмашылық үштен бірге азаяды. 2014-2020 жж. қаржы кезеңінде ауылдық жерлерді дамытуға 95,34 млрд еуро жұмсау жоспарланды, ал ұлттық жәрдемақымен бірге бұл сома 150 млрд еуродан асты. 2016 ж. бұл бағытқа 18,6 млрд еуро жұмсалды, немесе барлық қолдаудың 29,7%. Кейбір салалар үшін қаржыландырудың минималды талаптары әлі де сақталуда: мүше елдер ауылдық жерлерді дамытуға бөлінген қаражаттың кем дегенде 30% -ын жерге орналастыру және климаттың өзгеруін азайту шараларына және де кем дегенде 5%-ын «LEADER» аймақтық даму бағдарламасына бөлуге міндетті.

АҚШ. АҚШ ауылшаруашылығын субсидиялау бойынша міндеттемелер АМП деңгейінен аспауы керек, бірақ минималды деңгейдің 5%-на сәйкес болуы керек, және де «көк қоржын» шараларын қолдану құқығы бар [7]. АҚШ-тың ауылшаруашылығын мемлекеттік қолдау құрылымының айрықша ерекшелігі 2014 ж. «сары қоржынның» көлемінен 9 есе асып түскен «жасыл

қоржын» ішіндегі шығындардың едәуір үлесі болып табылады. АҚШ-тың ең үлкен ауылшаруашылық бюджеті ішкі азық-түлік көмегіне жұмсалады, ол жалпы қолдаудың 3/4% -ын және АҚШ-тың «жасыл қоржынының» 80% -ын құрайды. АҚШ-та ең субсидияланған тауарлар қатарына жүгері, қант, бидай және мал (ірі қара, қой, құс, шошқа, ешкі, ламалар, альпакалар, эму, бұғылар, бұландар, солтүстік бұғылар) жатады. АҚШ-тағы өнімдік тән қолдау тетіктеріндегі орталық орынды «өткізу несие» жүйесі алады, оны жүзеге асыру арқылы нарықтық баға төмендеген жағдайда фермерге нарықта ауылшаруашылық өнімдерін сатудан түсетін кірістің минималды деңгейі кепілдендіріледі. 2012-2014 жж. аралығында «өткізу несие» бағдарламасы көмегімен арпа, рапс, бұршақ, кофе, мақта, зығыр тұқымдары, бал, жасымық, сұлы, жержаңғақ, күріш, құмай, соя, қант, күнбағыс, бидай және жүнге субсидиялар берілді.

Ауылшаруашылық өнімін өндіруші агросақтандыру полисін сатып алғанда мемлекеттен субсидия алады. Ауылшаруашылық дақылдарының белгілі бір түрін өндіруге қолдау көрсетуші бірнеше ішкі бағдарлама бар. Мысалы, жоңышқа, бадам, алма, өрік, авокадо, банан, арпа, бұршақ, көкжидек, қарақұмық, қырыққабат, рапс, шие, бұрыш, кофе, жүгері, мақта, мүкжидек, жабайы күріш, жасыл бұршақ, құрма, зығыр тұқымы, грейпфрут, жүзім, бал, лимон, манго, апельсин және т.б. дақылдарын сақтандыру шығындары субсидияланды. АҚШ-тағы ауылшаруашылық жануарлары мен мал шаруашылығы өнімдерін өндірушілер де мемлекеттік қолдауды пайдаланады. 2014 ж. ірі қара, бизон, бұғы, шошқа, лама, қой және құс етін өндіруге субсидиялар берілді. Фермерлер мал індеті жағдайында мемлекеттен қаржылай көмек алуға құқылы. Төлем малдың нарықтық құнының 75% құрайды. Жоғарыда аталған жекелеген тауарларға субсидиялау шараларынан басқа, бағаға қолдау көрсетіледі: 2013 жылға дейін сүт өнімдеріне (май, майсыздандырылған құрғақ сүт, ірімшік) және қант, 2014 жылы тек қант. Сонымен қатар, болашақтағы өткізуге шектеу қоюға және тауар тәркіленген жағдайда тауар-несиелік корпорацияның қантқа деген меншік құқығының ауысуын болдырмау үшін қантқа жыл сайынғы ішкі нарықтық квоталар белгіленеді. Ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне өсімдік және мал шаруашылығы салалары бойынша қаржылық қолдаудың алуан түрлі кешені ұсынылады: ауылшаруашылық өнімдерінің 90-ға жуық түрін өндіруге субсидия беріледі, нарықтық бағаға қолдау көрсетіледі, үкіметтің көмегімен ауылшаруашылық сақтандыру және суару бағдарламалары жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық одақта (ЕАЭО) ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдауды реттеудің құқықтық негізі 2014 жылғы 29 мамырдағы ЕАЭО туралы келісім-шарт болып табылады. Оған сәйкес барлық мүше мемлекеттердегі мемлекеттік қолдау осы Келісім-шарт бойынша бірыңғай тәсілге – Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары туралы хаттамаға сәйкес келуі керек[1]. Саудаға

бұрмалаушы әрекет көрсетуші қолдау тетіктерін талдау барысында мүше мемлекеттер бойынша субсидиялар беру үшін ұқсас шарттардың бар екендігі анықталды. Осылайша, өндірушінің жеңілдетілген несиелеу жүйесі барлық мүше мемлекеттерде бірдей. Айырмашылықтар тек өндірушілер үшін соңғы пайыздық мөлшерлемеде болады, бұл тараптардың бюджеттік мүмкіндіктеріне байланысты.

Атап айтсақ, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында кәсіпкерлік субъектісіне жеңілдетілген несие беру туралы шешімді мемлекеттік органдар берсе, ал Армения Республикасында, Беларусь Республикасында және Қырғыз Республикасында – коммерциялық банктер береді.

Одаққа мүше мемлекеттердегі агросақтандыру моделі белгілі бір ауылшаруашылық тәуекелдеріне дейін кеңейтілді. Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасында тәуекелдер өсімдік шаруашылығында ғана сақтандырылады, Беларусь Республикасында – дақылдардың, мал мен құстың жекелеген түрлері. Қазақстан Республикасында (дақылдардың жекелеген түрлеріне қатысты) агросақтандыру міндетті болып табылады.

Жалпы, 2017 ж. ауыл шаруашылығы үшін мемлекеттік қолдау көлемі Арменияда – 47,1 млн долларды, Беларусьсияда – 1 млрд 55,8 млн долларды, Қазақстанда – 931,9 млн долларды, Қырғызстанда – 24,1 млн долларды, Ресейде – 4 млрд 159 млн долларды құрады. Ауылшаруашылығының жалпы өнім құнына және 1 га егістік алқапқа шаққандағы бөлінген мемлекеттік қаражаттың үлесі сәйкесінше Беларусь Республикасында – 16,8% және 255 АҚШ долларын, Ресей Федерациясында – 33,8% және 66 АҚШ долларын және Қазақстан Республикасында – 4,1% және 18 АҚШ долларды құрайды, бұл 1 га егістік алқапқа шаққандағы Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясының көрсетілген көрсеткіштерінен бірнеше есе аз. Ресейде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау тауар өндірушілерді субсидиялар, демеу қаржылар, өтемақылар түрінде тікелей бюджеттік қолдау арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік шығыстардың негізгі бөлігі тікелей қолдауға (84,8%), аз бөлігі (15,2%) нарықтық инфрақұрылымды қолдауға кетеді [2].

Сонымен бірге Қазақстанда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау жүйесі де қалыптасуда: өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді субсидиялау; астық, ет және ет өнімдері, мақта өнімдерін сатып алу операциялары мен интервенцияларын жүргізу; фермерлерге берілген банктік несиелерді субсидиялау; қаржы лизингі және ауыл шаруашылығы техникаларын лизингке алу ставкаларын өтеу және қайта өңдеу үшін ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу.

Қазақстанда экономиканың аграрлық секторын тікелей мемлекеттік қолдау құрылымы бойынша: өсімдік шаруашылығының үлесі – 51,7%, мал шаруашылығы – 48,7%; жасыл қолдау құрылымында несиелер мен лизинг бойынша пайыздық

мөлшерлемені субсидиялау – 69,6%; Ресейде – өсімдік шаруашылығына тікелей мемлекеттік қолдаудың салмақтық үлесі (сары қоржын) – 33,7%, мал шаруашылығы – 67,3%; жанама қолдау (жасыл қоржын) – ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне қатысты емес қолдаудың салмақтық үлесі – 17,2%, сыйақы мөлшерлемесін өтеу – 37,3% құрайды; Беларусь – тікелей мемлекеттік қолдаудағы салмақтық үлес (сары қоржын), банктердің несиелер бойынша шығындарын өтеу және бюджеттік несиелер мен қарыздар бойынша қарыздарды өтеу – 50,5%, сатып алу бағалары бойынша сыйақы – 19,3%; капитал салымдарының үлесі, жабдықтардың арзандауы және тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша қарызды өтеу – 57,6% [2].

Қорытынды

ЕАЭО елдеріндегі мемлекеттік реттеу және мемлекеттік қолдауды талдау мүше елдердің ауылшаруашылық азық-түлік нарығы мен агроөнеркәсіптік кешеніндегі «осал» жерлерді анықтауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, шетелдік жабдықтаушыларға тәуелділікке байланысты өндірістік құрал-жабдықтардың жоғары құны, несиелік қарыздың өсуіне байланысты ауылшаруашылық кәсіпорындарының қаржылық жағдайының нашарлауы, ауылшаруашылық өнімдеріне бағаны қалыптастырудың жалпы тізбегіндегі жоғары сауда үстемесі маржаны төмендетеді, ендеше өндірушілердің табысы да төмендейді.

Ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдауды талдау субсидиялау тиімділігін арттырудың келесі бағыттарын әзірлеуге мүмкіндік берді:

- агроөнеркәсіптік кешеннің инновациялық, инвестициялық және ҒЗТКЖ ынталандыру, АӨК-нің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- нарықтарды ғана емес, сонымен қатар ауылдық жерлерді дамыту;
- ауылшаруашылық тауар өндірушілері үшін тәуекелдерді сақтандыру жүйесін дамыту;
- ауылшаруашылық азық-түлік нарығының инфрақұрылымын қолдау және дамыту.

АӨК субъектілерін қаржыландырудың қол жетімділігін арттыру үшін тікелей баға белгілеуді бұрмалаушы және ДСҰ әдістемесі бойынша «сары қоржынға» тиісті болатын тиімсіз субсидияларды біртіндеп азайту қажет. Оларға аудан бірлігіне, өнім бірлігіне шаққандағы нарықты бұрмалаушы

тауарлық тән субсидиялар жатады. Жергілікті бюджеттің босатылған қаражаты (есептеулер бойынша 94 млрд. теңге), несие бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға, ауыл шаруашылығы техникасы мен жануарлар лизингіне; инвестициялық субсидияларға, сақтандыру сыйақыларын субсидиялауға, несиелік серіктестіктер жүйесін және кепілдендірілген несиелерді дамытуға жіберу қажет.

Минералды тыңайтқыштар, тұқым шаруашылығы, өсімдіктерді қорғау құралдары, асыл тұқымды малмен селекциялық асылдандыру жұмыстары, ауылшаруашылық жануарлары мен құстарының асыл тұқымды жас қорын сатып алу, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді сумен қамтамасыз ету құнын субсидиялау сияқты негізгі бағыттар бойынша субсидиялауды жалғастыру қажет. Болашақтағы субсидиялау жүйесі үшін қажетті шаралар:

- өсімдік, мал және балық өсіруде тауарлық тән субсидияларды азайту;
- субсидиялауға келіп түскен өтінімдерді қарау, алушылар туралы деректерді бақылау және шоғырландырудың автоматтандырылған жүйесін кезең-кезеңімен енгізу.

Тауарлық тән субсидиялардың орнына несиелер мен лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемелердің құнын төмендету, инвестициялық жобаны іске асыру кезінде шығындардың бір бөлігін өтеу үшін субсидиялардың үлесін кеңейту қажет. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау негізгі құралдарды, ауылшаруашылық жануарларын сатып алуға, айналым қаражатын толықтыруға, оның ішінде несиелерге, жаңа ауылшаруашылық техникасы мен технологиялық жабдықты лизингке алуға арналған несиелер бойынша жүргізілуі тиіс.

Инвестициялық бағдарламалар қатысушылары үшін (ет мал шаруашылығын дамыту, интенсивті мал өсіру және т.б.) несиелер мен лизинг бойынша сыйақы ставкасы жылдық 4% -дан аспауы керек, ал несиелеу мерзімі 15 жылға дейін ұзартылады керек [6].

Өнімді объективті бағамен өткізу мәселесін шешу үшін жаңа қаржы құралы – ауылшаруашылық түбіртегі енгізіледі, ол инвесторлар мен несиелік мекемелерге ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді соңғы 3-5 жылдағы өнімділік пен құнын ескере отырып, егінді нақты жиналғанға дейін (болашақ егін кепілдігімен) сату арқылы қаржыландыруға мүмкіндік береді.

Әдебиет:

1. Государственная поддержка сельского хозяйства государств-членов Евразийского экономического союза. Приложение № 29 к Договору о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года. – Москва, 2014. -http://www.eurasiancommission.org/ru/act/prom_i_agroprom/dep_agroprom/sxs/Pages/default.aspx.
2. Евразийская экономическая комиссия, статистические данные ЕАЭС, http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/econstat/Pages/agricultural.aspx.
3. Бринк Л. Обязательства ВТО и поддержка сельского хозяйства: Опыт Канады. // Региональный обучающий семинар для стран СНГ «Вступление в ВТО и сельскохозяйственная политика».

- Продовольственная и сельскохозяйственная организация Объединенных Наций (ФАО), Украина. - Киев, 2013. http://www.fao.org/fileadmin/templates/est/meetings/cis_wto/Russian/4_Brink_-_Canada.pdf.
4. Мэтьюс А. Опыт Европейского Союза по реформированию своей агрополитики в свете обязательств перед ВТО. - Дублин, 2013. http://www.fao.org/fileadmin/templates/est/meetings/wto_comm/RU/%D0%9E%D0%9F%D0%AB%D0%A2_%D0%95%D0%92%D0%A0%D0.
 5. Строкова О. Перспективы либерализации торговли агропродовольственной продукцией в рамках Всемирной торговой организации. – М.: 2013.
 6. Об утверждении Правил субсидирования развития племенного животноводства, повышения продуктивности и качества продукции животноводства. – Астана: Приказ Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан / Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 15 июня 2018 года № 256.
 7. Эффланд Э. Агрополитика США и обязательства ВТО. - Минсельхоз США: Служба экономических исследований, 2010. http://www.fao.org/fileadmin/templates/est/meetings/wto_comm/RU/%D0%90%D0%B3%D1%80%D0%BE%D0%BF%D0%BE%D0%BB%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0_%D0%A1%D0%A8%D0%90_%D0%B8_%D0%BE%D0%B1%D1%8F%D0%B7%D0%B0%D1%82%D0%B5%D0%BB%D1%8C%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%B0_%D0%92%D0%A2%D0%9E.pdf
 8. Dias M., Silva C. A., Lund M. Brazilian Credit Cooperatives: Cresol Confederation Case //Health, 2019. – Т. 805. – №.238.820. – P. 103.015.
 9. Ferguson R. Domestic and Export Subsidies //The Right to Food and the World Trade Organization’s Rules on Agriculture. – Brill Nijhoff, 2017. – P. 185-241.
 10. Ker A. P. et al. Canadian business risk management: Private firms, crown corporations, and public Institutions //Canadian Journal of Agricultural Economics. – Revue canadienne d’agroeconomie, 2017. – Т. 65. – №. 4. – P. 591-612.
 11. Reinsel R. D. (ed.). Managing food security in unregulated markets. – CRC Press, 2019.
 12. Saunders C. Sustainable agriculture—life beyond subsidies: lessons from New Zealand //Journal of Agricultural Economics, 2019. – Т. 70. – №. 3. – P. 579-594.
 13. Scott J. The future of agricultural trade governance in the World Trade Organization //International Affairs, 2017. – Т. 93. – №. 5. – P. 1167-1184.
 14. Schnepf R. Status of the WTO Brazil-US Cotton Case.// Library of Congress, Congressional Research Service, 2014.

Резюме:

Қазақстанның аграрлық саясаты шаралары жүйесін реформалау міндетін шешуде экономикалық дамыған елдердің тәжірибесін тәжірибелік зерделеу аса маңызды болып отыр.

Осызерттеудің мақсаты – экономиканың аграрлық саласын мемлекеттік реттеудің әртүрлі тәсілдеріне шолу, оның ішінде Керн тобы елдерінің, Солтүстік Американың, Батыс Еуропаның, Ресейдің және ЕАЭО басқа да елдерінің субсидиялау тәжірибесі саласын зерделеу.

Әлемнің дамыған елдеріндегі мемлекеттік қолдау жүйесін талдау негізінен барлық елдер «сары қоржынның» деңгейін төмендете отырып, «жасыл қоржын» шараларын әдетінен көрсетеді. «Сары қоржын» деңгейі субсидиялаудың белгіленген нормалары шегінде болады және минимум үлесінен аспайды.

ҚР-да аграрлық өнімді өндіру мен қайта өңдеуді субсидиялау жүйесінде мемлекеттік қолдау көрсету шаралары мен тетігін жетілдіру, яғни «жасыл қоржын» шараларына өту қажет.

Негізгі сөздер: мемлекеттік қолдау, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік реттеу, аграрлық сала, субсидиялар.

В решении задачи реформирования системы мер аграрной политики Казахстана наибольшее значение приобретает практическое изучение опыта экономически развитых стран.

Цель данного исследования - обзор различных подходов к государственному регулированию экономики аграрного сектора, в том числе изучение опыта стран Кернской группы, Северной Америки, Западной Европы, России и других стран ЕАЭС в области практики субсидирования.

Анализ системы государственной поддержки в развитых странах мира показывает, что в основном все страны переходят на меры «зеленой» корзины, снижая уровень «желтой корзины». Уровень «желтой» корзины находится в пределах установленных норм субсидирования и не превышает долю *deminimis*.

В системе субсидирования производства и переработки аграрной продукции в РК необходимо совершенствование мер и механизма оказания государственной поддержки, т.е. переходить на меры «зеленой» корзины.

Ключевые слова: государственная поддержка, сельское хозяйство, государственное регулирование, аграрный сектор, субсидии.

In solving the problem of reforming the system of agricultural policy measures in Kazakhstan, practical study of the experience of economically developed countries is of the greatest importance.

The purpose of this study is to review various approaches to state regulation of the agricultural sector economy, including the study of the experience of the Kern group countries, North America, Western Europe, Russia and other EAEU countries in the field of subsidy practices.

An analysis of the state support system in the developed world shows that basically all countries are switching to the “green” basket measures, reducing the level of the “yellow basket”. The level of the “yellow” basket is within the limits of the established subsidy norms and does not exceed the de minimis share.

In the system of subsidizing the production and processing of agricultural products in the Republic of Kazakhstan, it is necessary to improve the measures and mechanism for providing state support, i.e. to switch to measures of the “green” basket.

Keywords: state support, agriculture, state regulation, agricultural sector, subsidies.

Авторлар туралы мәлімет:

А. Пягай – э.ғ.д., профессор, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Нұр-Сұлтан қаласы)

М. Искакова – PhD докторант, «Тұран-Астана» университеті (Нұр-Сұлтан қаласы)

JEL: E66, H12, I83, Z32

Туризм как фактор подъема экономики в посткризисный период

А. Аймен, Д. Аташева

Введение

Последствия глобальной вирусной инфекции COVID-2019, охватившей весь земной шар, негативно отразились и на туризме, который будучи являлся крупнейшей индустрией и оказывал огромное положительное влияние на мировую экономику. С этих пор состояние туристской индустрии разделилось на два периода: до пандемии и после. Также эти события повлекли за собой спад смежных с туризмом ключевых секторов хозяйства (транспорт и связь, торговля, строительство, сельское хозяйство), так как развитие туризма в пропорциональном отношении имеет взаимосвязь с экономическим и социальным развитием[8].

Глобальное распространение вспышки коронавирусной болезни COVID-19 в начале 2020 года серьезно повлияло на туристический сектор. С января по июнь 2020 года мировые международные туристические прибытия снизились на 65%, при этом в Азиатско-Тихоокеанском регионе наблюдается особенно серьезное снижение туристических прибытий на 72%. По оценкам Всемирной туристской организации ООН (ЮНВТО), общее сокращение международных прибытий туристов по всему миру в 2020 году может составить от 58% до 78%, в зависимости от того, когда будут сняты ограничения на поездки. Это может привести к потере экспортных доходов от туризма в диапазоне 910 миллионов – 1,2 триллиона долларов и поставить под угрозу до 120 миллионов рабочих мест в туристической индустрии. Несмотря на то, что внутренний туризм, как ожидается, будет восстанавливаться более быстрыми темпами, есть вероятность, что региональные и международные поездки не покажут никаких признаков восстановления до 2021 года[1].

Стоит отметить, что существуют некоторые факторы, которые влияют на развитие туристской отрасли. Но следует остановиться на экономическом факторе, так как на сегодняшний день этот показатель является наиболее важным не только для нашего государства, но и для всех стран мира, в большей или меньшей степени получавшие доход и участвовавшие в туристской деятельности.

Туризм является приоритетным направлением развития экономики Казахстана, и прежде всего из-за его несырьевой направленности. Успешная реализация стратегий и программ по развитию этой отрасли имеет возможность значительно укрепить экономику страны, ее позитивный имидж в мире, снизить проблемы занятости населения. Данная сфера включает в себя ряд важных составляющих, степень развития которых влияет на эффективность всей отрасли. Одной из важных среди них является направление гостиничного бизнеса. Данную индустрию

составляют различные средства коллективного и индивидуального размещения: отели, гостиницы, мотели, молодежные хостелы и общежития, апартаменты, туристские приюты, а также частный сектор, участвующий в размещении туристов.

Индустрия гостеприимства сама по себе представляется перед нами в виде мощной системы хозяйства определенного туристского центра или региона и немаловажного элемента экономики туризма. Среди экономических функций туризма в приоритете находится экономическая польза, которую он может предоставить, поскольку на первом этапе наблюдается развитие единиц инфраструктуры, а именно гостиничных комплексов, предприятий общественного питания, сервиса и прочее.

Индустрия путешествий предполагает пополнение доходов путем уплаты налогов, которые, в свою очередь, могут подразделяться на прямые (денежные сборы на получение визы, прохождение таможи) или косвенные, когда в процессе увеличения заработной платы работников приводит к увеличению суммы подоходного налога, который они вносят в бюджет. Кроме этого, туризм обладает широкими возможностями для того чтобы привлекать иностранную валюту и разного рода инвестиции. Еще одна важная функция туризма относится к диверсификации экономики, которая рассматривается как образование отраслей, обслуживающих туристскую индустрию, обеспечивая тем самым увеличение доходов населения и повышение национального уровня благосостояния[9].

Формулировка задачи (проблемы)

Туризм зависит от группы экономических факторов из-за взаимозависимости экономического роста и экономических условий туризма. Экономическое развитие страны означает уровень материального благосостояния населения, который напрямую влияет и напрямую зависит друг от друга. Таким образом, страны с высоким уровнем экономического развития занимают доминирующее положение на мировом рынке и являются лидерами по количеству сделанных поездок и покупке туров местными жителями.

Уровень экономики государства отражается не только на доходах его граждан, но и на улучшении инфраструктуры туристической отрасли и ее материально-технической базы при условии достаточно развитой экономики в той или иной туристской дестинации.

Наряду с другими факторами, факторы экономики могут оказывать различное влияние на туризм, как положительное, так и отрицательное.

Как и любые другие факторы, факторы экономики могут воздействовать положительно и отрицательно

на туризм. К положительным факторам относятся: рост доходов, рыночные условия, рост ВВП, стабильная валюта. Отрицательные экономические факторы - кризисы в экономике, рост безработицы, уменьшение заработной платы, рост инфляции и т. д.

Одним из таких серьезных негативных последствий в 2019 году стала пандемия, которая пошатнула все отрасли экономики, в том числе и туризм. Последствия коронавируса нанесли сильный удар на туристский поток во всем мире. Согласно статистическим данным, незадолго до объявления карантина


и принятия жестких мер для самоизоляции, в 2019 году доля туризма в ВВП Казахстана составил 5,6%, при этом к 2025 году планировалось увеличить показатель до 8% [2]. Ниже представлена диаграмма с показателями доли туризма в ВВП Казахстана.

Из данных диаграммы видно, что ежегодные показатели доли туризма в валовом внутреннем продукте Казахстана имели незначительные отрицательные колебания и отражали снижение показателя на 0,2% в 2017 году и на 0,1% в 2019 году соответственно.

Рисунок 1

Доля туризма в ВВП

в процентах



Радикальные изменения в мировой гостиничной индустрии и ресторанном деле стали последствием перемен в сфере сервисных услуг по проживанию в связи с результатом развития инновационных технологий оказания гостиничных и ресторанных услуг, повышения уровня технической оснащенности гостиниц и ресторанов, формирования крупных отелей и их цепей – все это привело к перестроению отрасли гостинично-ресторанного сервиса в современную индустрию гостеприимства.

В Казахстане индустрия гостеприимства получила мощный импульс к ускорению в процессе рыночных преобразований экономики и ее интеграции в гостинично-ресторанный сектор глобальной мировой хозяйственной системы. В условиях глобализации расширение экономического пространства значительно повысило требования к конкурентоспособности и устойчивости ресторанного и гостиничного бизнеса, что объясняет принятие мер для его функциональной, структурной и институциональной перестройки и появления новых аппаратов рыночного взаимодействия.

Описание основных методов, результатов

Промышленность гостеприимства и туризма невозможно анализировать как различные сферы потому, что туристы имеют конкретную необходимость,

которая может зависеть от тех или иных целей и мотивов их туров. Гостеприимство взаимодействует с этим термином в качестве составляющего элемента.


Однако гостеприимство – это более емкое представление, таким образом, его задачей считается удовлетворение нужд не только лишь путешественников в ограниченном смысловом значении, но также и потребителей в целом [10].

Кризисная ситуация также плачевно отразилась и на работниках в сфере туризма и привела к социальным проблемам, одной из которых является сокращение рабочих мест. Для начала рассмотрим показатели индикаторов рынка труда всего занятого населения Республики Казахстан за определенный период времени.

Статистические данные диаграммы 2 отражают постепенное увеличение наемных работников на протяжении всего рассматриваемого периода. По сравнению с 2016 годом в 2017 году численность наемных работников достигла 9027,4 тыс. человек. Это на 28,6 тыс. человек больше, чем в прошлом году.

В 2018 году этот показатель вырос еще на 111,2 тыс. человек, а в 2019 – на 82,9 тысяч. Здесь стоит заметить также возрастающую разницу числа работников с каждым годом. За исключением 2019 года значение показателей ежегодно увеличивалось.

Основные индикаторы рынка труда



Ситуация с самостоятельно занятыми работниками обстоит несколько иначе: на протяжении двух лет с 2016 по 2018 годы наблюдался спад числа работников данной категории – на 111,3 и 16,7 тыс. человек соответственно. И лишь в 2019 году наблюдается прирост занятого населения на 16,7 тыс. человек.

Таким образом, большая положительная динамика в области занятости относится к категории наемных работников[3].

Изучив статистику основных видов экономической деятельности и занятого в них населения, и составлена следующая таблица, приведенная ниже:

Таблица 1

Количество рабочих мест и заведений в отраслях туризма Республики Казахстан

| Отрасли туризма (услуга) | Количество заведений | Количество рабочих мест по статусу занятости | | | | | |
|--|----------------------|--|---------|--------|-------------|---------|--------|
| | | наемные работники | | | самозанятые | | |
| | | мужчины | женщины | всего | мужчины | женщины | всего |
| 1. Размещение посетителей | 662 | 11 100 | 24 180 | 35 280 | 1 257 | 2 231 | 3 488 |
| 2. Общественное питание | 1 807 | 15 696 | 54 000 | 69 696 | 33 958 | 8 737 | 12 695 |
| 3. Железнодорожный пассажирский транспорт | 34 | 79 207 | 35 792 | 114999 | 8 425 | 1 199 | 9 624 |
| 4. Дорожный пассажирский транспорт | 604 | 71 207 | 21 256 | 92 954 | 110938 | 6 213 | 117151 |
| 5. Водный пассажирский транспорт | 6 | 1 592 | 84 | 1 676 | 406 | 91 | 497 |
| 6. Воздушный пассажирский транспорт | 44 | 6 561 | 4 764 | 11 325 | 70 | 125 | 195 |
| 7. Сдача в аренду транспортного оборудования | 537 | 9 130 | 9 098 | 18 228 | 243 | 149 | 392 |
| 8. Турагентства | 1 920 | 3 191 | 4 865 | 8 056 | 523 | 170 | 693 |
| 9. Культура | 929 | 6 951 | 20 945 | 27 896 | 396 | 498 | 904 |
| 10. Спорт и рекреация | 2 132 | 7 804 | 5 528 | 13 332 | 1 132 | 419 | 1 551 |

На 2019 год число туристических агентств и других услуг по бронированию составило 1920 заведений. Также была проведена классификация рабочих мест по статусу занятости и гендеру. Отсюда следует вывод, что большее количество мужчин занято в транспортных и спортивных и рекреационных услугах, в то время как женщин больше в предоставлении услуг по размещению, питанию, культуре и туристических агентствах. Количество наемных работников превышает число самозанятых[4].

Одной из особенностей современного туризма также является его относительно высокая трудоемкость. В международном туризме в среднем

на одного занятого в этой сфере приходится около семи туристов. В отличие от других секторов экономики (в частности, в отличие от промышленности) внедрение новых технологий, как правило, не приводит к пропорциональному высвобождению трудовых ресурсов. Это связано с тем, что процесс создания и потребления услуг в большинстве случаев предполагает личный контакт исполнителя услуги с ее потребителем, всесторонний учет индивидуальных особенностей и запросов потребителя. Ведь процесс оказания услуг в меньшей степени поддается механизации и автоматизации, чем производство товаров. Поскольку качество обслуживания во многом зависит

от численности персонала, приходящегося на одного туриста, то развитие туризма в отличие от большинства отраслей материального производства пред-

полагает сохранение и расширение потребности в трудовых ресурсах даже при возможности возрастания производительности труда [7].

Таблица 2

Среднемесячная номинальная заработная плата

тыс. тенге

| | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 |
|--|---------|---------|---------|---------|
| Туроператоры и турагенты | 94 465 | 108 152 | 95 341 | 109 265 |
| Услуги по организации проживания | 112 582 | 118 606 | 124 217 | 133 240 |
| Санаторно-курортные организации | 83 385 | 88 163 | 90 658 | 102 654 |
| Организация отдыха, развлечений, культуры и спорта | 82 124 | 86 208 | 86 510 | 101 158 |

Анализируя данные статистики по номинальной заработной плате в сфере туризма за 4 года, можно заметить тенденцию увеличения ежегодных показателей во всех трех туристских деятельности, а именно деятельности туроператоров, турагентов и прочих организаций, предоставляющих услуги в сфере туризма, услуг по организации проживания, а также деятельности санаторно-курортных организаций, деятельности по организации отдыха, развлечений, культуры и спорта.

Исключение составляет лишь 2018 год, когда заработная плата уменьшилась в 2017 года на 12811 тенге. Согласно таблице, наибольшая динамика увеличения заработной платы в первой деятельности наблюдалась в 2019 году на 13916 тенге. В услугах по организа-

ции проживания этот показатель достиг наибольшей отметки также в 2019 году и составил 9023 тенге. Этот год положительно отразился и в деятельности санаторно-курортных организаций, когда заработная плата поднялась на 11996 тенге в сравнении с предыдущим 2018 годом. Среди деятельностей, представленных в таблице, самый резкий скачок заработной платы можно заметить в сфере организации отдыха, развлечений, культуры и спорта, который составил 14648 тенге в 2019 году.

На протяжении всех лет в Казахстане преобладал выездной туризм. Тем не менее, в стране ежегодно наблюдалось увеличение путешественников, участвовавших как во въездном, так и в выездном туризме.

Таблица 3

Количество посетителей по въездному и выездному туризму


| | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 |
|----------|-----------|------------|------------|------------|
| Въездной | 6 509 390 | 7 701 196 | 8 789 314 | 8 514 989 |
| Выездной | 9 755 593 | 10 260 813 | 10 646 241 | 10 707 270 |

Так, в 2018 году пик въездного туризма составлял 8789314 человек, большее число которых прибыло из стран СНГ и преследовало личные цели, из них 76203 человека совершали поездки с целью туризма, 6341598 – частные поездки и 643748 – транзитное посещение, то есть промежуточная остановка в другую страну. Наибольший скачок по числу въездных туристов произошел в 2017, во время увеличения посещений на 1191806 человек.

Что касается выездного туризма, мы видим, что крупных изменений в динамике посетителей нет.

Лидером по принятию туристов из-за рубежа стал 2019 год и составил 10707270 человек. Но из всех четырех рассмотренных лет можно сделать вывод, что в 2017 году число выездных туристов увеличилось на наибольшее количество человек. Данная ситуация равнозначна въездному туризму. По сравнению с 2016 годом число человек, выезжающих за пределы республики, равнялось 10260813. Это на 505220 туристов больше, чем в предшествующем году.

Количество посетителей и направления по выездному туризму



Анализируя статистические данные, была составлена диаграмма, представленная выше, из которой следует, что наибольшее число жителей Казахстана совершают поездки в Российскую Федерацию, далее по убывающей: Кыргызстан, Узбекистан, Турция, Китай и ОАЭ. Это объясняется несколькими факторами. Во-первых, пограничное расположение стран СНГ, что позволяет беспрепятственно пересекать границы с личными или профессионально-деловыми целями. Во-вторых, страны, относящиеся к курортным, куда наши соотечественники отправлялись максимальное количество раз.

Во II квартале 2020 года Казахстан посетили 132,9 тыс. туристов, что в 16,5 раз меньше, чем во II квартале 2019 года, когда их число превышало 2,2 млн человек. Между тем в I квартале 2020 года иностранных туристов было более 1,4 млн. Об этом свидетельствуют данные комитета по статистике.

В целом в I полугодии 2020 года в Казахстан въехали 1,54 млн туристов, что на 60% меньше, чем в аналогичном периоде 2019 года.

Что касается работы гостиниц и других мест размещения, то ими во II квартале 2020 года было сдано 418 тыс. номеров, что в 3,2 раза меньше, чем во II квартале 2019 года[11].

Всего местами размещения в апреле-июне 2020 года было оказано услуг на 7,3 млрд тенге. Данный уровень в четыре раза меньше, чем в аналогичном периоде 2019 года, когда объем услуг достигал 29,5 млрд тенге.

На гостиницы приходится 6,5 млрд тенге, на одноэтажные бунгало, коттеджи и небольшие домики – 493,1 млн тенге, на детские лагеря – 37,1 млн тенге, на дома отдыха – 28,8 млн тенге, на туристские базы – 17,1 млн тенге и на пансионаты отдыха – 16,4 млн тенге.

Что касается курортных зон, то ими во II квартале 2020 года было оказано услуг более чем на 3,4 млрд тенге. При этом основная доля приходится на Алма-

тинский горный кластер – 2,2 млрд тенге, на Щучье-Боровую курортную зону – 587,4 млн тенге и на Мангистаускую курортную зону – 272,5 млн тенге. Отметим, что объем услуг в данном сегменте в докарантинном I квартале достигал 12,7 млрд тенге[5].

На сегодняшний день, в период карантинных мер не только в Казахстане, но и в других странах, наблюдается спад уровня международного туризма и доходов от него. Несмотря на негативные экономические последствия, в нашей стране возросло число внутренних поездок. Следовательно, внутренний туризм в Казахстане может стать одним из факторов восстановления туризма и подъема экономики в посткризисный период. Наша страна богата природными и рекреационными ресурсами для того, чтобы развивать внутренний туризм. К такому типу путешествий можно отнести экотуризм, агротуризм, познавательный и спортивный туризм. Таким образом, развивая и рекламируя национальные красоты, Казахстан может стать посещаемой страной на мировой арене и увеличивать доходы от международного туризма.

Индустрия туризма является одним из ключевых источников формирования добавочных рабочих мест, активизирует производство транспортных средств, стимулирует организацию строительства автотранспортных дорог и гостиничных комплексов. Это достаточно многоотраслевая хозяйственная деятельность, которая оказывает большое влияние на развитие экономики какого-либо региона или страны и заключение международных отношений.

Со стороны экономического фактора, учитывая статистические данные, туризм характеризуется значительным ростом. Они представляют факты, подтверждающие то, что индустрия путешествий считается наиболее активно формирующейся отраслью во многих странах мира (как развитых, так и развивающихся) ее значимость в экономике ежегодно набирает обороты.

Немаловажную роль в сфере туризма играет и занятость, которая также выступает как вспомогательный инструмент на пути развития экономики. Отсюда следует, что на сегодняшний день профессия в области предоставления услуг пользуется популярностью и востребованностью.

Выводы

Таким образом, исходя из всего вышесказанного, можно сделать следующие выводы, описывающие туризм как фактор подъема экономики в посткризисный период. Туризм как экономический феномен:

1. характеризуется как форма перехода к промышленному производству;
2. представляется как туристский продукт или услуга, реализованные на рынке и приносящие доход государству;

3. создает новые рабочие места и нередко является мотиватором освоения новых районов, имеющих возможность стать туристическими центрами, и ускорителем развития национальной экономики;

4. выступает как аппарат транжирения национального дохода в тех странах, которые ориентированы на туризм;

5. характеризуется значительной степенью производительности также стремительной окупаемостью вложений;

6. демонстрирует результативный способ сохранения природы и культурного наследия, так как непосредственно данные компоненты составляют базу его ресурсной основы;

7. интегрирует практически со всеми отраслями хозяйства и видами деятельности человека [6].

Литература:

Қазіргі уақытта халықтың көші-қонының себеп-салдарлық өзара байланысын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерімен

түсіндіретін, және еңбек нарығымен байланыстыратын бірқатар теориялар мен тұжырымдамалар қалыптасты. Әзірленген теориялар мен тұжырымдамалар көші-қонды болжау үшін маңызды модельдер мен гипотезалардың түрлі класын құру үшін негіз болып табылады. Көші-қон себептерінің бірінші теориялық түсініктемесі ағылшын географы Эрнест Георг Равенштейннің атымен байланыстырылады, ол XIX ғасырдың соңында «көші-қон заңдары» теориясын ұсынды [2]. Осы заңдарға сәйкес көшіп-қонушылар мүмкіндігі шектеулі аумақтардан көшіп кетіп, үлкен мүмкіндіктері бар өңірлерге ауысуда. Жаңа орындарды таңдауда қашықтық маңызды рөл атқарады, өйткені мигранттар жақын маңдағы өңірлерге ауысуға ұмтылады. Көшіп-қонушыларды тарту мен итермелеу тұрғысынан көші-қон себептеріне ерекше назар аударылды. Нақты жағдайларға байланысты тартылу факторлары немесе итермелеу факторлары немесе олардың кезектесуі шешуші мәнге ие болуы мүмкін. Э.Ли жасаған көшіп-қонушыларды «тарту-итермелеу» концепциясы өткен ғасырдың 60-шы жылдардың ортасында ірі өнераралық ағындардың тетігін түсіндіруде маңызды рөл атқарады, өйткені әлеуметтік-экономикалық даму процесінде аудандар арасындағы айырмашылық сипаты өзгереді [3].

Микродеңгейдегі көші-қон тәртібін түсіндіретін тұжырымдамалар арасында Г.Беккер адам капиталының теориясы кеңінен таралды, халықтың аумақтық қозғалысын және жұмыс күшін модельдеуде әртүрлі тәсілдердің негізі болған. Осы тұжырымдамаға сәйкес, көшіп-қонушының орнын ауыстыру туралы шешімболжамды қоныстандыру ауданында болуы мүмкін өзгеруімен қазіргі өмір сүру деңгейін ұтымды салыстыруға және осындай орын ауыстырудан күтілетін пайданы бағалауға негізделген. Көші-қон, әдетте, қызметті адами капиталдың бағасы жоғары салаларға ауыстыруға ықпал етеді. Мысалы, американдық экономистер Рональд Дж. Эренберг пен Роберт С. Смит халықтың мүмкіндігі нашар өңірлерден мүмкіндігі жақсы өңірлерге ауысатынын айтады. Бұл ретте, көші-қон мінез-құлқының өзіндік детерминанттары (қоныс аудару туралы шешім қабылдау процесі) әлеуетті көшіп-қонушылардың жасы мен білім деңгейі болады. Еңбекке қабілетті жас кезіндегі халықтың көші-қон белсенділігі жас мигранттардың еңбек және білім беру мақсаттарында көші-қон пайдасын алуға және пайдалануға көп уақыт алатындығына байланысты [4].

Қазақстан Республикасындағы қазіргі ішкі көші-қон ахуалын талдау көші-қон процестері экономикалық дамуы жағынан әлеуеті төмен елді мекендерден әлеуеті жоғары елді мекендерге қоныс аударудың тұрақты үрдістерімен және азаматтарды елдің еңбек күші бар өңірлерінен Солтүстік-Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстарға көшіру жөніндегі белсенді шаралармен сипатталатынын куәландырады.

Ауыл еңбек ресурстарының өзгеруіне сыртқы және ішкі көші-қон үлкен әсер ететінін зетреу нәтижесінде анықталды. Көші-қон нәтижесінде

халықтың неғұрлым көп үлесінің кетуі шаруашылық жүргізудің көптеген нысандарының дамуы толық немесе ішінара тоқтаған аудандарда орын алады, осыған байланысты жұмыссыздық деңгейінің өсуі мәселесі туындайды.

Қазақстанның 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мемлекеттік көші-қон саясаты мынадай шараларға бағытталатын болады:

- ішкі көші-қонның дамуын қолдау – азаматтардың басым өңірлерге өз еркімен көшуіне жәрдемдесу;
- шетелдік жұмыс күшін тарту, іріктеу және пайдалану тетіктерін жетілдіру;
- мигранттардың бейімделуіне жәрдемдесу, мигранттар мен қабылдаушы қоғамдастық арасындағы сындарлы өзара іс-қимылды қалыптастыру;
- заңсыз көші-қонға қарсы тұру.

Жалпы, бұл шаралар елдің адами капиталының сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, сол арқылы әлеуметтік-экономикалық өсудің әлеуетін арттырады [5].

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, ХЕҰ әдіснамасымен анықталған Қазақстандағы жұмыссыздар саны 2020 жылғы I тоқсанда бағалау бойынша 442,4 мың адамды құрады, жұмыссыздық деңгейі – 4,8% құрады. Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде 170 мың адам ресми тіркелген (тіркелген жұмыссыздар үлесі – 1,8%). Біздің байқағанымыздай, жұмыссыздардың көп бөлігі республиканың оңтүстік өңірлерінде – Түркістан облысында (62,2 мың адам), Алматыда (49,6 мың адам) және Алматы облысында (49,1 мың адам) шоғырланған, бұл тағы да осы өңірлерді еңбек ресурстарының артық екендігін көрсетеді. Жұмыссыздардың ең аз саны Маңғыстау облысында (14,2 мың адам) және Солтүстік Қазақстан облысында (15,2 мың адам) байқалады. Осылайша, өңіраралық көші-қонның шешуші факторы табысты саралау болып табылады. Мысалы, батыс өңірлерде, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл және Ақмола облыстарында жұмысшылардың орташа айлық жалақысының айырмашылығы орташа есеппен 2,6 есе құрайды.

Жүргізілген зерттеу қоныс аудару бағдарламасына қатысушылар үшін жаңа тұрғылықты жерге көшкеннен кейін өмір сүру деңгейі мен сапасын әлеуметтік-экономикалық жағынан жақсарту – бұл маңызды шарт болып табылатынын көрсетті. Қоныс аударушыларды жұмыспен қамту, өнімді жұмысқа орналастыру мәселелері ерекше өзекті болып табылады, осы мәселелерді шешу өте маңызды. Мемлекеттік тарапынан жүзеге асырылатын белсенді және кең ауқымды шараларына қарамастан, аталған сұрақтар мемлекеттік бағдарламалардың іске асырудың осы кезеңінде одан әрі тиімді шешімдерді талап етеді. Қазақстанның оңтүстігінен солтүстік өңірлеріне

қоныс аудару процестерін жетілдіру үшін зерттеу процесінде анықталған қажетті шарттар мен шаралар 2017-2021 жылдарға арналған өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» бағдарламасы шаралармен салыстырылды, бұл қолданылатын әдістерінің тиімділігін және олардың ішкі көші-қон проблемаларын шешудегі әлеуетін бағалауға мүмкіндік берді. Қазақстандағы нәтижелі жұмыспен қамту мәселелер және жұмыссыздық проблемаларын шешуде, көші-қон процестерін мемлекеттік реттеуде «Еңбек» бағдарламасының макроэкономикалық және стратегиялық маңызы өте жоғары. «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде 2019 жылда сондай-ақ азаматтардың ерікті қоныс аударуына жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығын ынталандыру бойынша бірнеше іс-шаралар жүзеге асырылды [6].

Қазақстандағы көші-қон мәселелерін көп қажетсінетін зерттеулердің болуына қарамастан, Қазақстанның ішкі көші-қон проблемалары және халықтың еңбек күші көп өңірлерден еңбек тапшы өңірлеріне қоныс аудару мәселелері көшіп-қонушылардың құндылық призмасы, себептері, менталдық және мәдени ерекшеліктері арқылы жеткілікті зерттелмеген, оның ішінде этникалық көшіп-қонушылардың. Сондай-ақ көші-қон процестерінің тұтастай алғанда ұлттық экономиканың дамуына, атап айтқанда аграрлық секторға әсер етуінің кейбір мәселелері зерделенбеген күйінде қалып отыр [7].

Қазақстанның ішкі көші-қон мен еңбек ресурстарының оңтүстіктен солтүстік өңірлеріне қоныс аударуын талдау. Қазақстанның жалпы көші-қон үрдістерінде сыртқы көші-қон ағынының ұлғаюына назар аударылады, соның ішінде Қазақстаннан тұрақты тұруға келушілердің ішінде 43,8%-ын 15-тен 34 жасқа дейінгі жастар құрайды, бұл өзекті мәселені еңбек ресурстарының тұрақты өсіп келе жатқан ағынын сипаттауға болады. 2020 жылғы қаңтар-наурыз айларында Қазақстаннан 7344 адам кетті, оның ішінде ТМД елдеріне – 6580 адам, басқа елдерге 764 адам кетті. Бұл ретте 4268 адам келді, оның ішінде ТМД елдерінен – 3041 адам, басқа елдерден – 1227 адам. Бұл үрдіс сыртқы көші-қонның теріс сальдосын 3076 адамға дейін арттырды, бұдан басқа, ол еңбек ресурстары нарығына айтарлықтай теріс әсер етеді және экономикалық даму мүмкіндігін төмендетеді.

Қазақстан аумағы бойынша әлемде 9-орынды және халық саны бойынша 64-орынды алады, елдегі халықтың орташа тығыздығы км²-ге 6,74 адамды

құрайды, бұл біздің елімізді 2018 жылы БҰҰ таныған 195 тәуелсіз мемлекеттің халық тығыздығы бойынша елдер тізімінде 184-ші орынға ие.


Салыстыру үшін, аумағы бойынша ең ірі жеті аудан, Италия, Франция, Германия, Испания, Польша, Англия және Украина сияқты батыс және Шығыс Еуропа елдерінің халқы бойынша 2757183 шаршы шақырымды құрайды, ал халық саны 391 млн. адамды құрайды [8]. Сонымен қатар, аталған елдермен шамамен салыстырылатын Қазақстан 2724900 шаршы километр аумағында барлығы 18 млн. 852 мың адам тұрады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – Бюро) деректері бойынша, 2020 жылғы 1 желтоқсанға еліміздегі халық саны 18852,8 мың адамды құрады, оның ішінде қалалықтар – 11129,2 мың (59%), ауылдықтар – 7723,6 мың (41%) адам. 2019 жылғы 1 желтоқсанмен салыстырғанда халық саны 241,7 мың адамға немесе 1,3% өсті.

2020 жылдың басына халықтың жалпы өсімі еліміздің 3 өңірінде байқалды: Нұр-сұлтан қаласы (56,1 мың адам), Алматы қ. (48,6 мың адам) және Түркістан облысында 42,6 мың адам. Сонымен бірге, негізінен Қазақстанның солтүстік өңірлерінде халық саны төмендеуін жалғастыруда. 2020 жылғы 1 қаңтардағы деректер бойынша Қарағанды облысында – алты ай ішінде минус 735 адам және нәтижесінде 1377798 адам, Қостанай облысында – минус 2120 адам (870675 адам), Павлодар облысында – минус 808 адам (753045 адам), Солтүстік Қазақстан облысында – минус 2688 адам (551829 адам), Шығыс Қазақстан облысында – минус 2408 адам (1376119 адам) [9].

Бюроның деректері бойынша 2020 жылғы қаңтар-қарашада 2019 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда Қазақстанға келгендердің саны 2,5% азайды, Қазақстаннан кеткендер тұлғалардың саны 35,4% азайды. Еліміздегі негізгі көші-қон алмасуы ТМД мемлекеттерімен жүріп жатыр. ТМД елдерінен келгендердің және осы елдерге кеткендердің үлесі тиісінше 72,5% және 88,7% құрады. Ел ішінде көшіп-қонушылар саны 25% азайды. Өңіраралық орын ауыстырулар бойынша халықтың көші-қонының оң сальдосы елдің 4 өңірінде қалыптасты: Маңғыстау (587 адам) облысы және Нұр-Сұлтан (23245 адам), Алматы (37383 адам) және Шымкент (9333 адам) қалалары [10].

2019 жылғы қаңтар-желтоқсандағы халықтың өңіраралық көші-қоны



Ескертпе: дереккөз негізінде авторлар құрастырған[11].

Диаграммадағы деректер көрсеткендей, 2019 жылғы қаңтар-желтоқсандағы халықтың өңіраралық көші-қоны деректері көрсеткендей, өңіраралық қоныс аудару бойынша халық көші-қонының оң айырымы еліміздің 4 өңірінде байқалды: Маңғыстау облысында (1224 адам) және Нұр-Сұлтан (34340 адам), Алматы (42275 адам) және Шымкент (2922 адам) қалаларында. 2019 жылғы қаңтар-желтоқсанда Қазақстанға келгендер саны 2018 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 4,1% кеміді,

Қазақстаннан кеткендер саны 8% артты. ТМД елдерінен келгендердің және сол елдерге кеткендердің үлесі, тиісінше, 76,7% және 90,5% құрады. Ел ішінде қоныс аударатын көшіп-қонушылар саны 25,6% артты.

Қазақстанның сыртқы және ішкі көші-қон көрсеткіштері 1 кестеде берілген. Ішкі және сыртқы көші-қон деректері 1-кестеде 2020 жылғы қаңтар-қарашада 2019 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырылған.

1 кесте

Қазақстандағы сыртқы және ішкі көші-қон көрсеткіштері

адам

| | Сыртқы көші-қон | Оның ішінде | | Ішкі көші-қон | Барлығы: |
|--------------------------|-----------------|-------------|-------------|---------------|-----------|
| | | ТМД елдері | Басқа елдер | | |
| Келгені | | | | | |
| 2019 жылғы қаңтар-қараша | 10 949 | 8505 | 2444 | 1 013 445 | 1 024 394 |
| 2020 жылғы қаңтар-қараша | 10 672 | 7734 | 2938 | 760 024 | 770 696 |
| Кеткені | | | | | |
| 2019 жылғы қаңтар-қараша | 41 819 | 37890 | 3929 | 1 013 445 | 1 055 264 |
| 2020 жылғы қаңтар-қараша | 27 012 | 23965 | 3047 | 760 024 | 787 036 |
| Көші-қон айырымы | | | | | |
| 2019 жылғы қаңтар-қараша | - 30 870 | - 29 385 | - 1485 | - | - 30 870 |
| 2020 жылғы қаңтар-қараша | - 16 340 | - 16 231 | - 109 | - | - 16 340 |

Ескертпе: дереккөз негізінде авторлар құрастырған[10].

Бүгінгі таңда Қазақстан өңірлерінде біркелкі емес демографиялық жағдай қалыптасты. Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) деректеріне

сәйкес, еліміздің оңтүстік өңірлерінде халықтың 38%-ы тұрады, ал олардың үлесі жалпы өңірлік өнімде 17%-ын ғана құрайды. Солтүстік өңірлерде халықтың 29%-ы жалпы өңірлік өнімнің 25%-ын өндіреді.

Министрліктің болжамы бойынша 2050 жылға дейін оңтүстік өңірлердің халқы 5,2 млн. адамға ұлғаяды, ал оларда орналасу тығыздығы солтүстік облыстардың ұқсас көрсеткіштерінен төрт есе артық болады. Министрліктің көші-қон саясатының негізгі мақсаты ретінде – көші-қон процестерін басқару, тұрақты демографиялық дамуды қамтамасыз ету, елдің мемлекеттік қауіпсіздігін нығайту және адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау негізінде елдің білікті жұмыс күшіне қажеттілігін қамтамасыз ету болып белгіленді [5].

2017 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметінің Қаулысымен қабылданған Қазақстанның көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған Тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының стратегиялық мақсаттарын, міндеттерін және бағыттарын Қазақстан Республикасы экономикалық, әлеуметтік және демографиялық дамуының күтілетін перспективалары мен байланыста анықтайды, және сыртқы саясатпен, ЕАЭО шеңберіндегі интеграциялық процестермен және жаһандандудың жалпы әлемдік үрдістерімен өзара байланыстырады. Тұжырымдама Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының көші-қон саласындағы халықаралық құқыққа және халықаралық міндеттемелеріне, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 2015 жылғы қыркүйекте қабылданған қарарына, 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму мақсаттарына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауына сәйкес әзірленді [12].

Сонымен қатар, әлеуметтік теңсіздік және табыс деңгейін арттыру көздерін іздеу бақыланбайтын көші-қон ағындарына ғана емес, сондай-ақ жұмыспен қамтудың бейресми нысандарын дамытуға да ықпал ететінін атап өткен жөн. Мысалы, бейресми жұмыспен қамтудың ең көп үлесі бар облыстардың қатарына кіреді: Оңтүстік Қазақстан (16,3%) жалпы бейресми жұмыспен қамтылудан, Алматы (16,7%), Жамбыл (9,8%) облыстары. Жалпы, бұл 3 облыс жалпы бейресми жұмыспен қамтудың 40%-дан астамын қамтиды.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ деректері бойынша Солтүстік Қазақстан облысы халқының орташа жылдық саны 2018 жылы 556,4 мың адамды құрады. 2018 жылдың деңгейінде бала туу мен өлім-жітімді сақтау кезінде, ал көші-қонды соңғы бес жылда орташа мән сақталған кезде халықтың орташа жылдық саны 2030 жылы 475,9 мың адамға дейін немесе 14,5%-ға (80,6 мың адамға) қысқарады деп болжануда. 2040 жылға қарай халық саны 397,1 мың адамды құрайды, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 159,4 мың адамға немесе 28,6%-ға қысқартуға сәйкес келеді. Болжамдық деректерге сәйкес, 2050 жылға

қарай СҚО-ның орташа жылдық халқы 328 мың адамды құрайды деп күтілуде, бұл 2018 жылға қарай 228,4 мың адамға немесе 41%-ға қысқаруға ұқсас. Бұл ретте ерлер саны 2018 жылға қарағанда 108,4 мың адамға (40,8%-ға), ал әйелдер саны тиісінше 120 мың адамға немесе 41,3%-ға қысқарады деп күтілуде.

2030 жылы болжанғандай, еңбекке қабілетті жастағы адамдардың саны (2018 жылы 341,8 мың адам) шамамен 291,3 мың адамды құрайтын болады, бұл 2018 жылы олардың санының 85,2%-ын құрайды. 2040 жылы олардың саны 240,7 мың адамды (2018 жылдың санынан 70,4%), ал 2050 жылы – 193,4 мың адамды құрайды, бұл көрсеткіш 2018 жылы олардың санының 56,6% құрайды. Осылайша, 2050 жылға қарай еңбекке қабілетті жастағы СҚО халқының саны 148,4 мың адамға немесе 2018 жылға қарағанда 43,4% қысқарады деп күтілуде [13].

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ресми интернет-ресурсының деректері бойынша 2020 жылғы 1 қаңтарға халық саны 548,8 мың адамды немесе республика халқының жалпы санының 3% құрады. Қала халқының саны 252,8 мың адамды немесе 46,1%, ауыл халқының саны 296,0 мың адамды немесе 53,9% құрайды. Солтүстік Қазақстан облысы 13 ауданнан, облыстық маңызы бар бір қаладан, төрт шағын қаладан (аудандық бағыныстағы) және 635 ауылдық елді мекендерден тұрады. Өңірдің басты мамандануының бірі аграрлық бағыттылықты дамыту болып табылады, оның негізгі мақсаты АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау болып табылады [14].

Бұл деректерді Түркістан облысының (Оңтүстік Қазақстан облысы) әлеуметтік даму көрсеткіштерімен салыстырсақ, Бюроның деректері бойынша, Түркістан облысының халқы 2020 жылғы 1 сәуірге 2022734 адамды құрады. 2020 жылғы I тоқсанда жұмыспен қамтылған халық 816258 адамды құрады, алайда жұмыспен қамтылған халық құрылымында жалдамалы қызметкерлердің үлесі 54,2% ғана болды. Бұл фактілер бізге осындай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: біріншіден, жұмыспен қамтылған халықтың 46% өз бетінше жұмыспен қамтылғандар, яғни жеке еңбекке қатысуға негізделген қызметті жүзеге асыратын адамдар; екіншіден, жеке тұлғалар үшін жұмыстарды орындайтын тұлғалар, сондай-ақ экономиканың бейресми секторында жұмыс істейтін жұмыскерлердің үлкен үлесің құрайтыны туралы. Облыстағы жұмыссыздық деңгейі 2019 жылғы IV тоқсанда – 5,1% құрады.

Елдің еңбек тапшы өңірлерін жұмыс күшімен қамтамасыз ету, өңірлік сәйкессіздіктерді және демографиялық теңгерімсіздіктерді жою мақсатында «Өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы (бұдан әрі – «Еңбек» бағдарламасы) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №919 қаулысымен әзірленді және

бекітілді. Бұл бағдарлама солтүстік өңірлерде еңбек ресурстарының тапшылығын реттеу жөніндегі негізгі құрал болуы тиіс. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен солтүстік өңірлерге қоныс аудару бағдарламасы басты проблемалардың бірін – Қазақстан аумағы бойынша, әсіресе оңтүстік пен солтүстік арасындағы халықты қоныстандырудың сәйкессіздігін тиімді шешуі тиіс болатын [15].

Үкімет жүргізіп отырған еңбек ресурстарын оңтүстік өңірлерден солтүстік өңірлерге қоныс аудару саясаты демографиялық теңгерімсіздікті реттеудегі тетіктердің бірі болып табылады, және төрт облыстарда – Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында халық санының төмендеуін еңсеру шаралары ретінде пайдаланылады. Еңбек көші-қоны және теріс салдарларды бейтараптандыру нәтижесінде пайда болатын оң әсерді күшейту үшін Қазақстанда осы процесті ұлттық және мемлекетаралық реттеудің кең жүйесі құрылды.

«Еңбек» бағдарламасын іске асыру шеңберінде өңіраралық ерікті қоныс аударуға қатысушыларға мемлекеттік қолдау көрсету бойынша бірқатар шаралар көзделген: көшуге материалдық көмек көрсету; тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеу; техникалық және кәсіптік білімі бар және қажет болған жағдайда қысқа мерзімді кәсіптік курстарға оқуға жіберу; жаңа тұрғылықты жерінде жұмысқа орналасуға және кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу [7].

Ел Үкіметі өңірлермен бірге бес жылда (2018-2022 жылдары) оңтүстік өңірлерден 59 мың отбасын қоныс аудару арқылы орналастыруды жоспарлады, осылайша Солтүстік Қазақстан облысында, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында халықтың кемуі өтелетін болады. Бағдарламаның тағы бір мақсаты Солтүстік аймақтардағы қазақ халқының пайдасына этникалық теңгерім орнату болып табылады. Жоғарыда аталған солтүстік және солтүстік-шығыс облыстарында қазақтар әлі күнге дейін азшылықты құрайтынын және сатып алу туралы мәліметтер берілген.

мойындамауға болмайды, бұл әсіресе қалалық жерлерге қатысты. Экономикалық тұрғыдан алғанда, қоныс аудару бағдарламасы ұзақ мерзімді болып табылады және қоныс аударушылар болашақта халықтың табиғи өсуіне оң ықпал ететінін болады [1].

Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру мақсатында «Еңбек» дамыту бағдарламасы шеңберінде ерікті қоныс аударуға жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығы ынталандырылады. Ерікті түрде қоныс аударуға көмек Солтүстік Қазақстан облысында талап етілген, тұрақты тіркелген және кету аймағында кемінде бір жыл тұрған білікті мамандарға көрсетіледі. СҚО әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар Басқармасының деректері бойынша, келесі шығу өңірлер анықталды: Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда облыстары және Шымкент пен Нұр-Сұлтан қалалары.

«Еңбек» бағдарламасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы қоныс аударушыларға тұрғын үй салу және сатып алу бойынша пилоттық болып белгіленді. Қазіргі уақытта облыста пилоттық режимде қоныс аударушылар мен оралмандар үшін тұрғын үй құрылысы жүзеге асырылуда, ол кейіннен сатып алу құқығымен жалға беріледі. 2019-2022 жылдары қоныс аударушылар үшін 2142 бірлік тұрғын үй салу жоспарланып отыр. Республикалық бюджеттен 2019 жылға ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен 511915 мың теңге бөлінді, оның ішінде көшуге субсидия төлеуге – 199021 мың теңге, тұрғын үйді жалға алу бойынша шығындарды өтеуге – 220857 мың теңге, жұмыс берушілерге субсидия төлеуге – 92037 мың теңге [16].

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің пилоттық жобасын іске асырудың және «Еңбек» бағдарламасы бойынша қоныс аударушыларға арналған тұрғын үйлер салу практикасының оң нәтижелері байқалатынын атап өту қажет, оның ішінде жұмыс берушілерді тұрғын үй салу процесіне тарту арқылы.

2 кестеде СҚО-ға қоныс аударушылар үшін 2019-2022 жылдарға жоспарланған тұрғын үй салу

2 кесте

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде СҚО-ға қоныс аударушылар үшін жоспарланатын тұрғын үйлердің құрылысы және сатып алу туралы деректер

| СҚО аудандары | Барлығы | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 |
|-------------------------------|---------|------|------|------|------|
| 1. Айыртау ауданы | 161 | 32 | 54 | 54 | 21 |
| 2. Ақжар ауданы | 179 | 32 | 61 | 61 | 25 |
| 3. Аққайың ауданы | 162 | 32 | 54 | 54 | 22 |
| 4. Есіл ауданы | 179 | 35 | 60 | 60 | 24 |
| 5. Жамбыл ауданы | 185 | 34 | 63 | 63 | 25 |
| 6. Мағжан Жұмабаев ауданы | 178 | 36 | 59 | 59 | 24 |
| 7. Қызылжар ауданы | 144 | 39 | 44 | 44 | 17 |
| 8. Мамлют ауданы | 166 | 32 | 56 | 56 | 22 |
| 9. Ғабит Мүсірепов ат. ауданы | 154 | 39 | 48 | 48 | 19 |
| 10. Тайынша ауданы | 164 | 39 | 52 | 52 | 21 |
| 11. Тимирязев ауданы | 158 | 26 | 55 | 55 | 22 |
| 12. Уәлиханов ауданы | 151 | 26 | 52 | 52 | 21 |
| 13. Шал Ақын ауданы | 161 | 26 | 56 | 56 | 23 |

Барлығы

2 142

Ескертпе: дереккөз негізінде авторлар құрастырған [16].

Осылайша, пилоттық режимде 2019-2022 жылдар аралығында қоныс аударушылар үшін 2142 үй пайдалануға беріледі деп күтілуде. 2019 жылы даму әлеуеті жоғары және орташа елді мекендерде тиісті инфрақұрылымы бар тұрғын үй құрылысы басталды. 2019 жылы барлығы 428 жаңа үй пайдалануға берілді. 2020 жылы тағы 688 үйдің құрылысы аяқталды, жыл соңына дейін жалпы 714 үйді салу және пайдалануға беру жоспарланған болатын. Қоныс аударушылар үшін 2021 жылы 714 үй, 2022 жылы 286 үй салынатын болады. Құрылыс ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қаражаты есебінен жүргізіледі, кейіннен құны 7 млн. теңге болатын үйлер сатып алынады.

Қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстан облысында мемлекеттік қолдау осы шараларды қамтиды:

1. Отбасы басшысына және әр мүшесіне көшуге 35 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде материалдық көмек ұсыну;

2. Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерді төлеу бойынша шығындарды өтеу, ай сайын, он екі ай ішінде отбасы құрамы мен қоныстандыру орнына байланысты 15-тен 30 АЕК-ке дейінгі мөлшерде;

3. Қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілерге субсидиялар беру;

4. Техникалық және кәсіптік білімі бар оқуға жіберу және қажет болған жағдайда қысқа мерзімді кәсіптік курстарға жіберу;

5. Жаңа тұрғылықты жерде жұмысқа орналасуға және кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу.

Елдегі көші-қон процестері тұтастай алғанда одан әрі пысықтауды талап етеді. Тұжырымдамаға сәйкес алға қойылған мақсатқа қол жеткізу және демографиялық проблемаларды шешу үшін бірқатар міндеттерді шешу, оның ішінде демографиялық және экономикалық өсуді ынталандыруға негізделген көші-қон процестерін реттеудің тиімді моделін құру, урбанизация процестері контекстінде ішкі көші-қонды басқару тиімділігін арттыру және ішкі көші-қоншыларды қоныстандыруды оңтайландыру болжанады [12].

Алайда, еңбек күші артық өңірлерден еңбек күші тапшылығымен өңірлерге халықты көшіру жөніндегі мемлекеттің тарапынан үлкен және жүйелі шараларына қарамастан, өңіраралық көші-қон мен халықты қоныс аударудың бірнеше өзекті мәселелері бар, олар біз мынадай негізгі мәселелер түрінде анықтадық:

1. Тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерінің жеткіліксіз шешілуі. Бұл жерде СҚО әкімдігінің пилоттық жобасын іске асырудың оң нәтижелерін және «Еңбек» бағдарламасы бойынша қоныс аударушылар үшін тұрғын үйлер салу бойынша, оның ішінде қоныс аударушылар үшін тұрғын үй салу процесіне жұмыс берушілерді тарта отырып, олардың оң тәжірибесін атап өту қажет.

2.428 Көшіп-қонушылардың өміріндегі маңызды

әлеуметтік-экономикалық проблемалардың бірі – тұрақты жұмыстың және тиісінше тұрақты табыстың болмауы. СҚО әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы қоныс аударушыларды жұмысқа орналастыруға және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, оларды «Бизнес-Бастау» жобаларын іске асыруға тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатқанын атап өткен жөн, оның шеңберінде қоныс аударушылар өз бизнесін дамыту үшін гранттар, микронесие-лер алады.

3. Көшіп-қонушылардың климаттық жағдайларға бейімделуінің күрделілігі. Солтүстік пен оңтүстіктің климаттық жағдайындағы күрт айырмашылықтар қоныс аударушылардың бейімделу процесін қиындатады, бұл қоныс аударушылар үшін субсидиялар мен жеңілдіктерді есептеу кезінде ескерілуі керек.

4. Кейбір қоныстану орындарында әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің болмауы.

5. Кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қоныс аударушыларды қолдаудың кейбір тетіктерінің жеткіліксіздігі. Шағын бизнесті бастау проблемасы көптеген қоныс аударушыларда несие алу үшін кепіл мүлкінің болмауы болып табылады және т.б. Бұл бағытта СҚО әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы қоныс аударушылар үшін қажетті түсіндіру және кеңес беру жұмыс жүргізуде.

6. Халықтың ерікті түрде қоныс аудару жөніндегі саясатты іске асыру туралы хабардарлықтың жеткіліксіз деңгейі. Өңірлерде халықтың осы Бағдарлама туралы жалпы, базалық ақпаратқа қатысты, сондай-ақ егжей-тегжейлі ақпаратқа қатысты (мысалы, көшудің басым құқығы бар тұлғалар туралы деректер, мемлекет бөлетін субсидиялар туралы, мемлекеттік қолдау, мемлекеттік көмек, оның ішінде қоныс аударушылар үшін әлеуметтік қолдау шаралары туралы деректер) хабардар болу деңгейінің төмендігі байқалады.

7. Еңбек күші артық өңірлерден еңбек күші тапшы өңірлерге ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасын іске асыру нәтижелері туралы деректердің жеткіліксіздігі. Қазіргі уақытта жұмыс күші тапшы өңірлерге көшкен адамдардың саны, қандай да бір қызмет саласында жұмысқа орналасқан адамдардың саны туралы ақпарат жеткіліксіз не толық көлемде жария етілмейді.

8. Қазақстанның жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлеріне халықтың ерікті түрде көшуінің тиімділігіне қатысты терең және ауқымды зерттеулердің болмауы немесе жеткіліксіздігі.

9. Қоныс аударушылардың қоныстану орындарында әлеуметтік-еңбектік бейімделуінің мәселелері (кейбір кедергілердің болуы – психологиялық бейімделу, тілдік, менталдық кедергілер және т.б.).

10. Оңтүстік және солтүстік өңірлердің тұрғындары

арасындағы еңбек дағдыларының теңгерімсіздігіне байланысты туындаған еңбекке бейімдеу мәселесі. Оңтүстік халықтың көп бөлігі ауыл шаруашылығы (мал шаруашылығы, егіншілік, бау-бақша, көкөніс шаруашылығы және т.б.) салаларында, және құрылыста, қызмет көрсету саласында жұмыс істеуге бағдарланғандықтан, солтүстік өңірлерде өнеркәсіп салаларының индустриялық дамуы басым болып табылады.

11. Ішкі көшіп-қонушылар үшін жұмыс орындарын ұсыну үшін жергілікті атқарушы органдар мен әлеуетті жұмыс берушілер арасындағы кері байланыстың жеткіліксіздігі. Көп жағдайда жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге ерікті түрде қоныс аудару саясатын тиімді іске асыру жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің, жұмыспен қамту орталықтарының) қоныс аударушылар үшін жұмыс орындарын ұсына алатын өңірдің шаруашылық жүргізуші субъектілерімен (кәсіпорындарымен) сенім деңгейіне және өзара іс-қимыл сипатына байланысты болады.

12. Көшіп-қонушылардың жұмыспен қамтылуы бойынша, олардың тұру жағдайлары, қызмет салалары туралы, әлеуметтік қамтамасыз етілуі деңгейі, инфрақұрылым проблемалары және басқа да сипаттағы мәселелер туралы тұрақты негізде мониторингтің жүргізуінің қажеттілігі және жеткіліксіздігі.

13. Еңбек тапшы өңірлерге халықты еркін көшіру бағдарламасының Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған Тұжырымдамасымен жеткіліксіз өзара байланысы.

Бүгінгі күні Қазақстан өңірлеріндегі демографиялық ахуал біркелкі емес және халықтың табиғи өсімі мен көші-қонының қалыптасқан үрдістерінің ықпалымен одан әрі дамиды болады. Қазіргі уақытта ауылдық жұмыссыздық проблемасы әсіресе өзекті болып табылады, өйткені жұмыссыздардың ауыл тұрғындары арасында өте үлкен пайызды құрайды. Ауыл шаруашылығы саласындағы даму проблемаларына байланысты жұмыссыздар тұлғалар қалалар ұсынатын жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне үмітпен неғұрлым ірі елді мекендерге қоныс аударады. Қоныс аудару бағдарламасы стратегиялық жағынан өте маңызды, Қазақстан үшін жоғары макроэкономикалық мәнге ие, және қоныс аударушылар болашақта халықтың табиғи өсуіне оң ықпал ететінін білдіреді. Еңбек ресурстарын ерікті түрде көшіру экономиканың негізгі секторларында, оның ішінде Қазақстанның АӨК-де бос орындарды толтыруға арналған [17].

«Еңбек» бағдарламаның іске асыру міндеттерінің бірі – өнімді жұмыспен қамтуды дамыту және бағдарламаның екінші «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағытына сәйкес кәсіпкерлікке оқыту. Осы бағыты жүзеге асыру шеңберінде «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі «Бастау Бизнес» жобасын іске асыру мәселелері жөніндегі операторы болып табылады.

Кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан Жұмыспен қамту орталықтарында тіркеуге қарамастан жұмыссыздар және кәсіпкерлік әлеуеті бар өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар өтеді, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің мүшелері оқытылады, сондай-ақ ауылдық елді мекендерде және Қазақстанның шағын қалаларында тұратын тұлғалар кәсіпкерлік білім алады.

Біздің пікірімізше талдау сатысының өте маңызды кезеңі көші-қон процестеріне байланысты және ұйымдасқан және шоғырланған ықпал етуді талап ететін неғұрлым маңызды проблемаларды анықтау болып табылады:

- аса өзекті және тез арада шешу үшін талап етілетін көші-қон мәселелерін және қоныс аудару процестерін (сыртқы, сондай-ақ ішкі);
- проблемалы өңірлер (қоныс аударушыларды қабылдайтын және халықты қайтаратын аймақтар);
- көші-қон үдерістерінің ең проблемалық түрлері (өңіраралық және сыртқы көші-қон).

Еңбек күші артық өңірлерден еңбек тапшылығымен өңірлерге қоныс аударудың, және өңіраралық көші-қон процестерін реттеудің одан әрі бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кезінде жоғарыда аталған барлық бағыттардан басқа, мынадай маңызды сәттерге назар аудару қажет деп есептейміз [18]:

1. Қазақстандағы ішкі көші-қон процесінің, көшіп-қонушылардың қоныс аудару, бейімдеу, жұмысқа орналастыру үдерісінің толық мониторингі жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ көшіп-қонушылардың барлық құқықтарын сақтай отырып, қоныс аудару процесіне мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету.

2. Қазақстанның жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлеріне халықты ерікті түрде көшірудің арнайы мемлекеттік немесе өңірлік бағдарламасын әзірлеу және іске асыру қажет, ол нақты осы халықтың жұмыс күші артық (оңтүстік) өңірлерден жұмыс күші тапшы (солтүстік) өңірлерге ішкі көші-қон мәселелерін шешуге бағытталатын болады.

3. Мемлекет тарапынан және жергілікті атқару органдарының еңбек тапшы өңірлерге өз еркімен қоныс аударып тұрақты тұру үшін келетін азаматтарға қоныс аудару бағдарламасына сәйкес қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, ерікті түрде қоныс аударуға ықпал ететін, көшіп-қонушылардың тұрақты тұруына, оларды еңбек және әлеуметтік байланыстарға жұмылдыру үшін барлық құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, ақпараттық және инфрақұрылымдық жағдайлар жасау.

4. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Үкіметінің қарауына Қазақстан азаматтарының жұмыс күші тапшы өңірлерге ерікті түрде қоныс аударуы жөнінде қосымша ынталандыру шараларын енгізсін. Қолдау құралдарының бірі ретінде

агроқұрылымдарды, әлеуметтік кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылығындағы шағын және орта бизнес салаларды дамытуды қолдау, халықтық кәсіпшілігін дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді қолдау және қоныс аударушылар өнімді жұмыспен қамтылатын басқа да секторларды болжаймыз.

5. Көшіп-қонушыларды қабылдауға толық және қажетті жәрдем көрсету, олардың тұрғын үй жағдайларын қамтамасыз етуге, жұмысқа орналасуына, қоныс аударудың барлық кезеңдерінде әлеуметтік және мәдени бейімделу процессінде кеңес беру, моральдық, құқықтық және өзге де қолдау көрсету.

6. Қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелері қатарынан жастарды, атап айтқанда талантты жастарды қоныстандыру өңірінің аумағында орналасқан білім беру ұйымдарында білім алу үшін тарту қажет. Қазақстан жастарының шетелге көшіп кетуінің өсуі жағдайында бұл мәселе пәрменді шараларды талап ететін өте өзекті болып табылады.

Қорытынды

Көші-қон процестері, ең алдымен еңбек ресурстарының көші-қоны мемлекеттің өңірлеріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсер ететін маңызды факторларының бірі болып табылады. Көші-қон әлемдік экономикамен интеграцияланған бірыңғай ішкі экономикалық кеңістікті қалыптастырудың, сондай-ақ шаруашылық субъектілердің экономикалық және іскерлік белсенділігінің арттыру үшін жағдайлар жасаудың пәрменді құралы болып табылады.

Қоныс аудару бағдарламасының индустриялық мәні Бағдарламаны іске асыру арқылы елдің еңбек тапшылығы өңірлерінің білікті және мүдделі кадрлармен қамтамасыз етілетіндігімен түсіндіріледі, бұл өз кезегінде елдің стратегиялық экономикалық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға мүмкіндік береді, инновациялық жетістіктерді енгізуге, технологиялық жаңғыртуға және жаңа индустриялық

бағдарламалар мен инвестициялық жобаларды іске асыруға ықпал етеді.

Қоныс аударудың негізгі дәлелі ретінде мемлекеттің еңбек күші мол оңтүстік облыстарды «босатуға» ұмтылуы және солтүстік аймақтардың еңбек ресурстары тапшылығының орнын толтыру мақсатында солтүстігінің индустриялық экономикалық әлеуетін мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру болып табылады [6].

Қорытынды бойынша, аталған бағдарламаның нәтижелілігі ұлттық экономиканың дамуына, оның ішінде мультипликативтік макроэкономикалық әсерлер есебінен тікелей оң әсер ететін болады. Солтүстік өңірлерде қоныс аударушылардың басым бөлігі бекітілген және нығайтылған жағдайларда, бағдарламаны жүзеге асыру осы өңірлердің экономикалық белсенді халқының табиғи өсімі мен жасаруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Көші-қон мен жұмыс күшінің кетуі арасында тығыз байланыс бар екені анықталды.

Біздің ойымызша, қоныс аудару бағдарламасын орындаудың нақты индикаторларының (көрсеткіштерінің) жүйесі әсіресе қажет, себебі ол жүйе өңіраралық көші-қон мен халықты қоныс аударудың адамдардың өмір сүру сапасы мен деңгейіне, олардың жаңа тұрғылықты жерге бейімделуіне әсерін, көшіп-қонушылардың әлеуметтік көңіл-күйіне әсерін, сондай-ақ бағдарламаның қоныс аударушылардың әлеуметтік-экономикалық үміттеріне сәйкестігін қадағалауға және бағалауға мүмкіндік береді.

Осы мәселелерді зерттеу шеңберінде біздің пікірімізше ішкі көші-қонды реттеу, халықты еңбек күшінің артықшылығынан Қазақстанның еңбек күші жетіспейтін өңірлеріне ерікті түрде қоныс аудару жөніндегі іс-шаралар және жалпы өңіраралық көші-қон процестерді реттеу тұтастай алғанда мемлекеттік шараларды жергілікті, аймақтық және республикалық деңгейлерде одан әрі жетілдіруді және жақсартуды қажет етеді.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсы. – Кіру режимі: [//http://enbek.gov.kz](http://enbek.gov.kz).
2. Grigg D.B. E.G. Ravenstein and the «laws of migration» // *Journal of Historical Geography*. Volume 3, Issue 1, January 1977, pp. 41-54.
3. Theories of migration // Ernesto F.L.Amaral. *Migration*. January 29, 2018. // Texas A&M University, pp.4-8.
4. Эренберг Р.Дж., Смит Р.С. Современная экономика труда. Теория и государственная политика (Трудовая мобильность: текучесть, миграция и иммиграция) [Текст]. М.: МГУ, 1996. – 800 с.
5. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021-2025 жылдарға арналған болжамы. // Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсы. – Кіру режимі: [//http://www.gov.kz/](http://www.gov.kz/).
6. Aruzhan Jussibaliyeva et al. Regulation of Labor-Surplus Resources within the Framework of State Employment Programs Of The Republic of Kazakhstan: Experience of Entrepreneurship Education. / *Journal of Entrepreneurship Education*. Volume 22, Issue 2, 2019, ISSN 1098-8394, P.1-16. Scopus. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85067124469&origin=resultslist&sort=plf-&src=s&sid=f2ca3c0e49ce973bc8a991211ded8bd3&sort=autdocs&sdt=autdocs&sl=18&s=AU-ID%2857192919759%29&relpos=0&citeCnt=1&searchTerm=>
7. K.Bodaukhan, A.K.Jussibaliyeva, B.Zh.Bolatova. Issues of internal migration and employment in agricultural sector of the Republic of Kazakhstan. / Теоретикалық және ғылыми-практикалық журнал «Аграрлық нарық проблемалары», 2019. - №1. - 170-178 бб., ISSN 1817-728X. – [Электрондық ресурс]. – URL: – <http://agroeconom.kz/wp-content/uploads/2019/05/Проблемы-агрорынка-теоретический-и-научно-практический-журнал-№1-2019.pdf>
8. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ның ресми интернет-ресурсы. – Кіру режимі: [//http://iac.enbek.kz](http://iac.enbek.kz).
9. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми интернет-ресурсы. – Кіру режимі: [//http://stat.gov.kz](http://stat.gov.kz).
10. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (2020 жылғы қантар-желтоқсан) [Электрондық ресурс]. – URL: – <https://stat.gov.kz/edition/publication/month>
11. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (2020 жылғы қантар) [Электрондық ресурс]. – URL: – <https://stat.gov.kz/edition/publication/month>
12. Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017-2021 жж. арналған Тұжырымдамасы [Электрондық ресурс]. – URL:– <http://enbek.gov.kz>.
13. Демографиялық болжам. 3 бөлім / Ұзақ мерзімді демографиялық болжам / Жарияланымдар / «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы». - [Электрондық ресурс]. – URL:– [//http://iac.enbek.kz](http://iac.enbek.kz).
14. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігінің ресми интернет-ресурсы. – Кіру режимі: [//http://sko.gov.kz](http://sko.gov.kz).
15. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы [Электрондық ресурс]. – URL:– <http://enbek.gov.kz>.
16. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар Басқармасының ресми интернет-ресурсы. – Кіру режимі: <http://ukzsp.sko.gov.kz>.
17. A.K.Jussibaliyeva, G.T.Kunurkulzhaeva, A.A.Orynassarova, G.I. Akhmetova, N.T.Baikadamov. State employment policy in Kazakhstan: current issues and directions of its implementation. //«Central Asian Economic Review». – 2019. – №6 (129). -С.8-20. – [Электрондық ресурс]. – URL: – <https://research.narxoz.kz/wp-content/uploads/2020/08/%E2%84%966-129-2019.pdf>
18. К. Бодаухан, А.К. Джусибалиева, Г.Т. Кунуркульжаева. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен солтүстікке қоныс аудару мәселесі және оны ұтымды ұйымдастыру / «Экономика и статистика», 2019. – №1. – 141-149 беттер. – [Электрондық ресурс]. – URL: – <https://stat.gov.kz/edition/publication/quarter>

Резюме:

Мақалада ҚР-дағы халықтың өңіраралық көші-қонның экономикалық аспектілері мен өзекті мәселелері қарастырылған. Өңіраралық көші-қонның негізгі факторлары қаралды, қазіргі уақытта елде қалыптасқан көші-қон жағдайына талдау жүргізілді. Еліміздің еңбек тапшы өңірлеріне еңбек күші көп халықты ерікті түрде қоныс аударудың негізгі мәселелері терең қарастырылды. Мемлекеттік реттеу тарапынан да, тұтастай алғанда қоғам тарапынан да қажетті назар аударуды талап ететін көші-қон үдерістерін реттеу бойынша кейбір өзекті бағыттар ұсынылған.

Негізгі сөздер: көші-қон, өңіраралық көші-қон, ішкі көші-қон, қоныс аудару, еңбек күші мол өңірлер, еңбек күші тапшы өңірлер, жұмыспен қамту.

В статье рассмотрены экономические аспекты и актуальные вопросы межрегиональной миграции населения в РК. Раскрыты ключевые факторы межрегиональной миграции, проведен анализ сложившейся миграционной ситуации в стране в настоящее время. Рассмотрены основные проблемы добровольного переселения населения из трудоизбыточных в трудодефицитные регионы страны. Обоснованы некоторые направления по регулированию процессов переселения, требующие необходимого внимания со стороны как государственного регулирования, так и общества в целом.

Ключевые слова: миграция, межрегиональная миграция, внутренняя миграция, миграция, трудоизбыточные регионы, трудодефицитные регионы, занятость.

The article considers the economic aspects and pressing issues of interregional migration of the population in Kazakhstan. The key factors of interregional migration are disclosed, an analysis of the current migration situation in the country is carried out. The main problems of voluntary resettlement of the population from labor-surplus to labor-deficient regions of the country are considered. Some directions for regulating the processes of resettlement processes are substantiated, requiring the necessary attention from both state regulation and society as a whole.

Keywords: migration, interregional migration, internal migration, resettlement, labor-surplus regions, labor-deficit regions, employment.

Авторлар туралы мәлімет:

А. Джусибалиева – э.ғ.к., «Экономика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Нұр-Сұлтан қаласы)

Г. Ахметова – э.ғ.к., аға оқытушы, «Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг» кафедрасының меңгерушісі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қаласы)

К. Хасенова – э.ғ.к., «Менеджмент» кафедрасының доценті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Нұр-Сұлтан қаласы)

JEL: E24, G38, M38, R58.

Оценки конкурентных позиций Жамбылской области Республики Казахстан в условиях глобализации мировой экономики

И. Сулейменова, А. Аймен

Введение

На современном этапе развития мировой экономики особую актуальность приобретают проблемы конкурентоспособности регионов, которые возникли в условиях сложных трансформационных процессов. До настоящего времени методология изучения конкурентоспособности региона, его понятийный аппарат, условия формирования и другие проблемы, связанные с этим экономическим явлением, далеки от разрешения.

Вместе с тем, стремительный научно-технический прогресс, а также глобальные изменения в мире, вызванные политическими и экономическими причинами, обострили конкуренцию не только между предприятиями, отраслями, но и отдельными странами и их регионами. В этой связи проблема участия регионов страны в международной конкуренции становится все более актуальной не только для Казахстана, но и для всего мира.

Одной из основных задач регионального развития является обеспечение добросовестной конкуренции между регионами и муниципальными образованиями за привлечение капитала, рабочей силы, включая устранение барьеров на свободное перемещение рабочей силы, товаров и услуг, капиталов. Необходимость использования эффективных методов повышения конкурентоспособности экономики регионов в условиях глобализации мировой экономики определила актуальность работы.

Цель работы - проведение оценки конкурентных позиций Жамбылской области Республики Казахстан в условиях глобализации мировой экономики и разработка предложений по повышению уровня конкурентоспособности данного региона.

Для достижения данной цели в работе решались следующие задачи:

- рассмотрены зарубежные и отечественные теоретические концепции и методы оценки конкурентоспособности экономики регионов;
- проведен анализ социально-экономического развития Жамбылской области за 2017-2019 годы;
- определены факторы, характеризующие конкурентоспособность хозяйствующих субъектов Жамбылской области РК;
- определены отрасли экономики Жамбылской области РК, имеющие потенциал по повышению конкурентоспособности;
- разработана Концепция повышения конкурентоспособности экономики на примере Жамбылской области РК.

Материалы и методы

В основу исследования положен системный подход к анализу предмета исследования. Методика исследования базируется на статистических методах (корреляционный, индексный, факторный анализ, метод относительных разностей, группировки и классификации), сравнительном анализе и методах графической интерпретации.

Конкурентоспособность Жамбылской области определяется наличием тех или иных конкурентоспособных отраслей экономики, а также способностью региональных органов власти создать условия для достижения и удержания конкурентного преимущества в определенных областях.

В современной экономической литературе термин «конкурентоспособность региона» сводят либо на уровень государства, либо на уровень крупных корпораций, представляя, как «бизнес-систему, способную завоевывать и удерживать существенную долю рынка, а следовательно, обеспечивать рост доходов и финансовое благополучие». Чаще всего конкурентоспособность региона рассматривают «как способность создавать условия на внутренних и внешних рынках» [7].

В экономической литературе также используется понятие «территориальная конкуренция», которая интерпретируется учеными следующим образом. Например, И. Бегг рассматривает термин «конкурентоспособность» с двух позиций: во-первых, с позиции уровня развития экономики региона; во-вторых, в сравнении с другими территориями. В этом смысле, по его мнению, конкурентоспособность региона заключается в защите им своей доли рынка [12].

